



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№148-149
(20024-20025)



3 қазан, сенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

ҚҰРМЕТ

2 Қарт майдангерге құрмет

КОҒАЛДАНДЫРУ

3 Бірлескен істің берекесі

СЫР-СҰХБАТ

4 «Ақыл-ойды тәртіпке келтіретін – математика»

ӨНЕР

8 Сапалы дүние ғана сапта тұруы керек

● ПРЕЗИДЕНТ

Қорғаныс министрі қабылдады

Мемлекет басшысы Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаевты қабылдады. Қазақстан Президенті – Қарулы Күштердің Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев армияның әскери және шұғыл әрекеттерге дайындығы, азаматтарды әскерге шақырудың күзгі науқанының барысы, сондай-ақ, Алматы облысында өтіп жатқан бітімгершілік оқу-жаттығу жиыны жөнінде Қорғаныс министрінің есебін тыңдады.

Мемлекет басшысы Қорғаныс министрлігінің алдына бірқатар міндет қойды. Соның ішінде Қарулы Күштерді қалыптастыру тұжырымдамасын әзірлеу кезінде Қазақстан армиясының радиациялық және химиялық қорғанысына қажетті құрал-жабдықтардың заманауи түрлерімен жабдықтауына, әскери-техникалық авиация мен инженерлік әскерді күшейтуге, инфрақұрылымды дамытуға ерекше назар аударуды тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық әскери ынтымақтастықты дамытуға, кадрлық саясат пен әскерімиздің қысқы маусымға дайындығына қатысты бірқатар тапсырма берді.

● ЕЛБАСЫ

Праймеризде дауыс берді

Nur Otan партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев праймеризде он-лайн дауыс берді. Бұл туралы Елбасының баспасөз хатшысы Айдос Үкібай өзінің twitterдегі аккаунтында жазды.

«Елбасы ішкі партиялық іріктеуге қатысушылардың үгіт-насихат жұмыстарын және қоғамдық пікірталастарды мұқият бақылағанын атап өтті.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті үгіт-насихат пен пікірталастар кезінде партия назарға алуға тиіс бірқатар конструктивті ұсыныстар айтылғанына тоқталды. Нұрсұлтан Назарбаев барлық партия мүшелерін дауыс беруге белсенді қатысуға шақырды» – деп жазды Айдос Үкібай.

● ПАРЛАМЕНТ

Сайлауды байқауға қатысады

Қазақстан Парламенті Сенатының бірқатар депутаттары Қырғыз Республикасы Жогорку Кенеші депутаттарының 2020 жылдың 4 қазанына белгіленген сайлауын байқауға қатысады.

Мұрат Бақтиярұлы ТМД-ға қатысушы мемлекеттер Парламентаралық Ассамблеясы миссиясы байқаушыларының құрамына енді. ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясының атынан сайлауды байқауға сенатор Бақытжан Жұмағұлов қатысады. Динар Нөкетәева сайлау үдерісін байқау үшін ТүркіПА миссиясының құрамында жұмыс істейтін болады.

Сенаторлар сайлауды байқауға сол сайлау күні қатысады, сондай-ақ Қырғызстанның Сайлау және референдум өткізу жөніндегі орталық комиссияның төрағасымен, партиялардың сайлауалды штабының өкілдерімен кездесуді жоспарлап отыр.

● ҮКІМЕТ

Ұлт жоспарының орындалуы қалай?

ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің төрағалығымен және ҚР Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Нұрлан Нығматулиннің қатысуымен өткен Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссияның селекторлық отырысында «Тұңғыш Президент – Елбасы Н. Назарбаевтың бес институционалдық реформасын іске асыру бойынша 100 нақты қадам» Ұлт жоспарын және Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Жолдауын орындау барысы қаралды.

«Биыл бірқатар бағыт бойынша барынша күш-жігер салынып, Ұлт жоспарының 5 қадамы толық жүзеге асырылды. Қазіргі кезде 33 қадам іске асырылу үстінде», – деді А.Мамин. Қазіргі уақытта «Кәсіби мемлекеттік аппарат құру» бағыты бойынша 15 қадамның 13-і орындалды, «Заняңның үстемдігін қамтамасыз ету» бағыты бойынша барлық 19 қадам, «Индустрияландыру және экономикалық өсім» бағыты бойынша 50 қадамнан 20 қадам, «Біртектілік пен бірлік» бағыты бойынша 6 қадамнан 3 қадам, «Есеп беретін мемлекетті қалыптастыру» бағыты бойынша 10 қадамнан 9-ы орындалған.

● ЕРТЕҢ – МҰҒАЛІМ КҮНІ

«ТҰЛҒАҢДЫ АРМАНЫМА ҰҚСАТҚАНМЫН»

«Алты Алаштың баласы бас қосса, төрдегі орын – мұғалімдікі». Мағжан ақын бір ғасыр бұрын ұстазды осылай бағалаған. Тәуелсіздік тарихында тұңғыш рет «Педагог мәртебесі туралы» Заң қабылданып, қоғамда «мәртебесі төмен, құқығы шектеулі» делінген мамандық иелері бірқатар басымдыққа ие болды. Қазір педагогтарды мемлекеттік деңгейде қолдау шаралары қарқынды жүргізілуде.

Sb Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»

Көп түйткілдің түйіні тарқады

Педагогтар үшін маңызды заңның қабылдануы ұстаз мәртебесінің жоғарылап, материалдық жағдайының жақсаруына мүмкіндік берді.

Биылдан бастап педагогтардың еңбекақысы 25 процентке, шеберлігі үшін жалақыға 30 бен 50 процент аралығында қосымша ақы төленуде. Бұл үшін республикалық бюджет есебінен 14 млрд теңге қаржы бөлінді.

Сонымен бірге ұстаздардың дәптер тексергені мен сынып жетекшілігі үшін берілетін үстеме 2 есеге артып, 8 мың теңге мөлшерінде белгіленді. Орта білім беру ұйымдарында магистрлік дәрежесіне 27 мың теңге қосымша ақы төленуде. Мұнан бөлек, кейбір педагогтардың еңбек демалысы 42 күннен 56 күнге артты.

Абырой қашан да үлкен еңбек, уақыт-



пен бірге келеді. Сондықтан потенциалы мықты, өзіне сенімді оқытушыны көтермелеу аса маңызды. 2012 жылдан бері өткізілетін республикалық «Үздік педагог» байқауында Сыр елінің 18 ұстазы «Үздік педагог» мәртебесін иеленген. Биыл бір мұғалім жеңімпаз атанып, аймақтың абыройын өсірді.

Облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова тәуелсіздік мерекесіне орай педагогтарға арнайы төсбелгі тағайындалатынын атап өтті. Үздік ұстаздарға арнайы «Қызылорда облысының білім беру саласын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі тағалады. Сондай-ақ, 10 үздік ұстазға 300 айлық есептік көрсеткіш

мөлшерінде, яғни 800 мың теңгеден астам сыйақы беріледі.

Биыл мұғалімдер күні онлайн форматта атап өтілуде. Айта кету керек, атаулы күнге орай қаланың орталығы мен ірі көшелеріне республикаға белгілі, облысқа танымал ұстаздың бейнелері бар билборд ілінеді.

5-бет.

ҰЛЫЛЫҚ ПЕН ЖЫЛЫЛЫҚТЫҢ СӘУЛЕСІ



Тұла бойына ұлылық пен жылылықты ұштастырған ұстаз еңбегі әркез құрметке лайық. Бүгінгі – ХХІ ғасыр талабына сай жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудің моделі өзгерді. Талап нақты, талғам шексіз. Сондықтан ұстаздар қауымының алдында тұрған жауапкершілік жүгі де еселеп артты.

Sb Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

Қазан айының бірінші жексенбісі – Мұғалім күніне орай облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова ұрпақ тәрбиелеуде абыройлы еңбек етіп жүрген мұғалімдерді және сала ардагерлерін қабылдап, құрмет көрсетті. Жаңа дәуір талабына сай озық тұрған мұғалім ғана шәкірт алдында беделі биік болары сөзсіз. Елімізде педагог мәртебесі туралы заң қабылданып, білім мен ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілді. Нәтижесінде, биылдан бастап педагог және оларға теңестірілген қызметкерлердің

еңбекақысы өсуде. Бұл – аймақ педагогтарына мемлекет тарапынан көрсетілген үлкен қолдау, – деді облыс әкімі.

Айта кетейік, 2021 жылдан бастап мұғалімдердің еңбекақысы 25 процентке көбейтіледі. Осы бағытта алдағы үш жылда 1,2 триллион теңге бөлінетін болады. Биылғы жылдың өзінде бұл мақсатта республикалық бюджеттен 27,4 млрд теңге қаржы бөлінді.

Мерекелік жиында облыс әкімі ел құрметіне бөленген ұстаздарға ҚР Білім және ғылым министрлігінің Б.Алтынсарин атындағы төсбелгісін және «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісін табыстады. Құрметке ие болғандар қатарында Қазанған атындағы жоғары музыкалық колледжін оқытушысы Әсия Боранқұлова, Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназия мұғалімі Клара Есмағанбетова,

Қазалы ауданы, №225 орта мектеп мұғалімі Роза Сексенбаева бар. Сонымен қатар, білім беру ісінде табыс тұғырынан көрінген 30 ұстазға «Құрмет грамотасы» мен бағалы сыйлық берілді.

Б.Алтынсарин атындағы төсбелгі иеленген Клара Есмағанбетова әріптестеріне тебіреніспен тілегін арнады.

– Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында көптеген қиындықтар көлденең шыққаны белгілі. Әйтсе де, мамандығымызға деген адалдығымыз болар, басқа салаға бет бұрмай, жас ұрпаққа білім берудің жаңаша талانتарына бейімделіп, еңбек етіп келеміз. Ол қиындықтар бүгінде артта қалды.

Мемлекет басшысы педагог мәртебесін көтеруге айрықша көңіл бөліп, нәтижесінде, моральдық, материалдық тұрғыдан қолдау шаралары артып отыр. Бұл ұстаздардың қоғамдағы лайықты орнын қалыптастырып, жаңа ғасыр көшінде жан-жақты, дарынды шәкірттер тәрбиелеуге бағытталған мол мүмкіндік деп ойлаймын, – деді марапат иесі.

Ұстаздар мерекесіне арналған шараға барлық аудан әкімдіктері онлайн байланысып, онда аудан басшылары сала үздіктеріне облыс әкімінің марапаттауларын табыстады.

● ӨНІР ӨНДІРСІ

ТҰҢАЙТҚЫШТЫҢ ТӘУІРІ ЖАЛАҒАШТА

Жалағаш кентінде тұңайтқыш шығарылуа. Өндіріске бет бұрған «Агрохимсервис-С» ЖШС бүгінде облыстағы шаруашылықтардың 90 процентін тұңайтқышпен және азотты құрамалармен қамтамасыз етіп отыр.

Sb Дәулет ҚЫРДАН, «Сыр бойы»

Құны 400 млн теңге тұратын зауытта 22 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Егіске қажетті негізгі элемент болғандықтан төтенше жағдайда жұмыс істеуге рұқсат етілген. Барлық қауіпсіздік шараларын қатаң сақтай отырып, кәсіпорын ауылшаруашылық мекемелерін тұңайтқышпен қамтамасыз етті. Аулаңға қарасты Мәдениет ауылындағы «Тайжан» шаруа қожалығы да осы серіктестіктің тұңайтқышын қолдануда. Биыл 73 гектар жерге күріш еккен қожалық егін бітік болғанын айтады.

– Аулаңда бұрыннан танымал зауыт қой. Біз түйіршіктелген аммоний сульфатын алдық. Арнайылап қапталған түрі. Егінді кеше жинап болдық. Орташа өнім гектарына 50 центнерден кем болмайды деп отырмыз. Ал тұңайтқышқа келсек, келісімшарт жасасып, уақытылы қолымызға тиді. Өнімге әсері де жақсы, – дейді қожалық өкілі Ахан Дүйсебаев.

Кәсіпорынның қуаттылығы – 120 тонна. Десе де, толық жүктемесі емес, 70-80 тонна өнім өндірумен шектеліп тұр. Айта кетейік, тұңайтқыш түрлері шаруашылықтарға арнайы көлікпен тасымалданады.



● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Өңір үшін маңызды
Жобалар жүзеге
Асырылады

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалық етуімен инвестор тарту және инвестициялық ахуалды жақсарту бойынша өңірлік кеңес отырысы өтті.

Бдырыс ТӘЖІЛҰЛЫ,
«Сыр бойы»

— Үкімет пен әкімдер үшін инвестицияларды тарту және қазақстандық тауарларды, қызметтерді экспортқа шығару негізгі басымдықтардың бірі болып табылады. Міндеттерді орындау үшін облыс көлемінде іске асырылатын инвестициялық жобалар маңызды рөл атқарады. Сондықтан, жобаларды іске асыруда туындаған мәселелерді қарау, өңірдің инвестициялық ахуалын жақсарту үшін тиімді шешімдер қабылдау мақсатында тоқсан сайын кеңес өткізіп тұрамыз, — деген аймақ басшысы күн тәртібіне сәйкес 4 инвестициялық жоба қаралатынын жеткізді.

Алғашқы талқыланған «Кальцийлендірілген сода зауыты құрылысы» жобасы бойынша атқарылған жұмыстар туралы «Арал Сода» ЖШС директоры Санжар Оспанқұлов баяндады. Ол аталған жобаның облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына және инвестиция қорына қосылатын үлесін атап өтті. Зауыт іске қосылғанда импорт аймағына өз ықпалын тигізетін болады.

Зауыттың қуаттылығы жылына 300 мың тонна құрап, оның құрылысына 1000-ға жуық адам жұмыспен тартылады деп жоспарлануда. Инвестиция көлемі 93,5 млрд теңге. Кальцийлендірілген сода зауытының құрылысына 100 гектар, қоймасына 501 гектар жер учаскесі бөлінген. Жобаның республикалық индустриаландыру картасына енгізілген мерзімі — 2016 жыл. Құрылысы келесі жылы көктемде басталып, 2023 жылы пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. С.Оспанқұлов кальцийлендірілген сода зауыты іске қосылғаннан кейін оның айналасында химия кластерін қалыптастыруға мүмкіндік ұлғаятынын атап өтті. Мысалы, ас содасын және басқа да пайдалы өнімдер шығаруға болады. Ең маңыздысы зауыт жобалық қуаттылығы істей бастаған кезде еліміздің кальцийлендірілген содаға деген сұранысының басым бөлігін өндіріп, импортқа тәуелділік барынша кемиді.

Облыс әкімі облыстық индустриалық-инновациялық даму басқармасының басшысы Ринат Сұлтангереев пен «Арал Сода» ЖШС директоры Санжар Оспанқұловқа бөлінген қаржының мақсатты, сапалы әрі мерзімінде игерілуін қамтамасыз етуді тапсырды. Сонымен қатар, облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Ғалым Едігеевке теміржол түйістігі, электрмен және газбен жабдықтау желілерін салу үшін мердігер компанияларды анықтауды жүктеді. Ал, облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Бердияр Пірімбетов Арал ауданының әкімі Мұхтар Оразбаевпен бірге жыл соңына дейін темір жол түйістігі құрылысының басталуын қамтамасыз етуі тиіс.

Мұнан соң «Сыр Маржаны» серіктестігінің «Мал сою пунктін жаңғырту және ет комбинатын салу» жобасы бойынша серіктестік директоры Мінаждин Отаев хабарлама жасады. Жоба құны 832,5 млн теңгені құрайды. Мемлекеттік қолдау шаралары ретінде 15 гектар жер учаскесі бөлінген. Компания іргетасы өткен жылдың мамыр айында қаланды. «Бизнестің жол картасы — 2020» бағдарламасы аясында 2019-2020 жылдары су құбыры желілерін жүргізуге бюджеттен 49,5 млн теңге бөлінді, толықтай игерілді. Сондай-ақ, жалпы құны 13,8 млн теңге болатын электр желілерін салуға бюджеттік өтім берілді.

Ет комбинаты жылына 5 мың тонна өнім шығарып, 20-дан астам адам жұмыспен қамтылады. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстарының 25%

орындалған. Келесі жыл соңына таман комбинат пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр. Серіктестік басшысы ет комбинаты маңында агроаймақ қалыптастыру бағытындағы жұмыстар қатар атқарылып жатқанын баяндады.

Облыс әкімі серіктестік басшысына комбинат пайдалануға берілгеннен кейін оның тұрақты жұмыс істеп тұруын осы бастан ескеріп, шикізатты жеткізіп тұру жолдарын жоспарлап қою қажеттігін айтты. Сонымен қатар, облыстық ауыл шаруашылық басқармасы басшысы Шахмардан Қойшыбаевқа бөлінген қаржының мақсатты, сапалы әрі мерзімінде игерілуін қамтамасыз етуді және облыстық энергетика, тұрғын-үй және коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Руслан Нұрмағамбетовке заңдылықтарға сәйкес инфрақұрылымды дамыту мүмкіндігін қарастыруды жүктеді.

Кенесте қаралған үшінші және төртінші жоба — «Қызылорда композиттік материал зауыты» серіктестігінің шыны талшық шығару және «Orda Tex» серіктестігінің мал жүнін өңдеу жобалары бойынша аталған серіктестіктердің құрылтайшысы Қайрат Боранбаев баяндады.

Оның айтуынша, шыны талшық шығару өндірісі еліміз үшін тың өндірістердің қатарына саналады. Шыны талшықтары көптеген салада қолданылады, сондықтан оған сұраныс әр уақытта жоғары. Зауыттың құны — 519 млн теңге. Зауыттың қуаттылығы жылына 3 мың тоннаны құрап, 160 адам жұмыспен қамтылады.

Кенесте аталған жобаны жүзеге асыруға серіктес — «КАРАТ группа компания» ЖШС бас директоры Виталий Чижов зауыт өнімдері Ресейден және Қытайдан келетін осындай өнімдерден арзан болатынын айтты берді. Зауытқа шикізат ретінде шыны және шыны бұйымдардың қалдықтарын пайдалану беруге болады. Зауыттың тағы бір өнімі құрылыста қолданылатын металл арматураларды алмастырады. Оның беріктігі мен төзімділігі металл арматуралардан кем емес, ессесіне бағасы өте арзан болмақ. Оны көпқабатты емес құрылыс нысандарына емін-еркін пайдалануға береді.

Қ.Боранбаев «Orda Tex» серіктестігінің мал жүнін, дәлірек айтқанда, түйе жүнін өңдеу жобасының өңір үшін маңыздылығын атап өтті. Біздің облысы Қазақстанда түйе жүні өсіретін аймақтардың бірі саналады. Облыста 45 мыңнан астам түйе малы бар. Зауытта түйе жүні өңделіп, дайын өнім — көрпелер шығарылады. Ел тұрғындары бүгінде Монғолия және Түркия өнімдерін сатып алып келсе, енді өзіміздің өнімдерді пайдаланатын болады.

Жоба құны 100 млн теңге. Жоба «Байқоңыр» ӘКК-мен бірлесіп жүзеге асырылады және 20-ға жуық адам жұмыспен қамтылады деп күтілуде. Қазіргі уақытта жоба басшысы өңірлік кәсіпкерлік қолдау картасына енгізу үшін екі жобаның құжаттар пакетін дайындауда.

Облыс әкімі жобалар бастамашысымен бірлесіп мәселелерді пысықтауды тиісті басқармалар басшыларына тапсырып, «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» ҰК» АҚ басшысы Ерлан Нұрланбаевқа жоба бастамашысымен бірлесіп, қаржыландыру тетіктерін шешуді жүктеді. Сонымен бірге, Арал ауданының әкімі Мұхтар Оразбаев және Қазалы ауданының әкімі Мурат Ерғешбаевқа екі апталық мерзімде жыл сайын жинақталатын шикізат, яғни мал жүні көлемін анықтау жөнінде тапсырма берді.

ЕРЕН ЕҢБЕКТІҢ ЛАЙЫҚТЫ БАҒАСЫ

Коронавирус инфекциясымен күресте белсенділік танытқан қызылордалықтарға «Халық алғысы» медалі табысталды. Оларды облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова марапаттады.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Аймақ басшысы қиын-қыстау кезеңде халық саулығы үшін басын тәуекелге тігіп, қажыр көрсеткен жандардың еңбегін жоғары бағалады.

— Бұл медаль — халықтың ыстық ықыласы мен шын құрметіне ие болған азаматтарға тағайындалатын арнайы марапат. Индетпен күресте адам өмірінің сақшысы болған дәрігер, тәулік бойы қоғамдық тәртіптің сақталуын қадағалаған полиция, облыс орталығы мен ауыл-ауылды аралап, жұқпалы кесел ошағын залалсыздандыруға қатысқан әскерлер, қайырымдылық шараларын толасыз жүргізіп, ауруханаларды қажетті медициналық бұйымдармен, құралдармен қамтамасыз еткен кәсіпкерлер, қаржысыз көмек қолын созған еріктілер, индет ошақтарынан жылдам ақпарат таратқан журналистердің еңбегі ерен, — деп облыс әкімі.

Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес 100-ден астам адам медальға лайық деп танылды. Соның бірақтарын аймақ басшысы табыс етіп, алғыс білдірді.

«Халық алғысын» алғандардың бірі — облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының бөлім меңгерушісі Болат Асанбаев.



— Пандемия кезінде күн-түн демей, үй көрмей жұмыс істеуге тура келді. Көптеген қиындық туындап, оны шешуге араластық. Дегенмен, қазір жағдай біршама тұрақталды. Бүгінгі марапат — қатерлі индетті ауыздықтауға аянбай үлес қосқан азаматтардың еңбегіне берілген лайықты баға деп білемін, — дейді ол. Бұған дейін 8 марапат иесі 2020 жылғы 23

маусымда Президенттің қатысуымен өткен «Biz Birgemiz» онлайн-форумы аясында марапатталды.

Жылда облыс әкімі «COVID-19» вирусымен уақытпен санаспай күрескен азаматтарды «бейбіт күннің батырлары» дей келе, халықты денсаулыққа жете мән беріп, сақтық шараларын сақтауға шақырды.

ҚАРТ МАЙДАНГЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова «1 қазан — Халықаралық қарттар күніне» орай Ұлы Отан соғысы ардагері Любовь Колесниктің үйіне барып құттықтады.

— Қарттар — біздің қазынамыз. Елімізде қарттарды қолдау мемлекеттік әлеуметтік саясаттың бір бөлігіне айналды. Сіздерге құрмет көрсету — біздің парызымыз. Өмір жолдарыңыз, еріктеріңіз өскелең ұрпаққа қашан да ұлгі. Зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін, — депі облыс әкімі.

Өз кезегінде Ұлы Отан соғысы ардагері көрсетілген құрметке алғысын жеткізді.

Колесник Любовь Сергеевна 1925 жылы 4 тамыз күні қазіргі Түркістан облысы Арыс



«СБ» ақпарат

АТОМ САЛАСЫ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ
МАРАПАТТАЛДЫ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Атом саласы қызметкерлерінің күні кәсіби мерекесіне байланысты аймақта қызмет атқарып жүрген аса мамандарымен кездесті. Оларға құттықтау лебізін білдіріп, үздіктерді марапаттады.

2008 жылы 28 қыркүйекте Тұңғыш Президент — Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен «Атом өнеркәсібі қызметкерлерінің күні» кәсіби мерекесі болып бекітілді. Қазақстан уран өндіру көлемі бойынша әлемдік көшбасшы болса, өндірілген уранның барлық көлемінің 20 проценттен астамы біздің өңірдің үлесіне тиеді. Бұрын уран өндіруші компаниялар күкірт қышқылын шетелден сатып алды. Қазір «СКЗ-Ю» компаниясының зауыты жыл сайын 500 мың тонна күкірт қышқылын өндіреді.

— Елімізде атом саласы — экономиканың негізгі бағыттарының бірі. Ол стратегиялық маңызды және табысты сала ретінде бағаланады. Сыр өңірінде 4 уран өндіретін компания және 1 күкірт-қышқыл шығаратын зауыт жұмыс жасауда. Олар-

да 2 500-ден аса адам еңбек етеді. Аймақтың индустриясын дамытуда, уран өндіруде сіздердің үлестеріңіз зор. Кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын, — депі облыс әкімі.

Бұдан кейін сала үздіктері марапатталды. Атап айтқанда, «Семізбай-У» ЖШС-ның инженер-механигі Әбдіманан Өтеев, «РУ-6» ЖШС-ның электромонтері Владимир Голошапов, «Байкен-У» ЖШС-ның слесарь-электригі Анарбай Мырзатай және «Хорасан-У» ЖШС-ның операторы Бақыт Арысбекке Құрмет грамотасы табысталды.

Кездесу соңында сала ардагері Қайратбек Жолдыбаев аймақ басшысына көрсетілген құрмет үшін алғысын жеткізіп, еріпестерін кәсіби мерекемен құттықтады.

«СБ» ақпарат

ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ
ЖОЛДАРЫ ҚАРАЛДЫ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова «Қазақстан Халық банкі» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Дәурен Сартаевпен кездесті.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

— Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын міндеттердің бірі — отандық және шетелдік инвестицияларды тарту. Осыған байланысты, республика бойынша ЖОО құрылымындағы инвестициялар үлесін 2024 жылға қарай 30% - ке дейін арттыру міндеті қойылды. Биыл біздің өңірге 230 млрд теңге, келесі жылы 586 млрд теңге инвестиция тарту қажет. Бүгінде инвестицияның жаңа толқынын тарту бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ, шағын және орта бизнесті дамыту міндеті де тұр. Осы орайда сіздердің де қолдауларыңыз қажет, — депі облыс әкімі.

Кездесуде бірқатар мәселелер көтерілді. Атап айтқанда, бизнесті және стартап жобаларды қаржыландыру, кәсіпкерлердің өтімдерін ұзақ мерзім қарау, жергілікті деңгейде бизнес үшін белгіленген кредит лимиттер және Мемлекет басшысының жеке тұлғалар мен ШОБ субъектілері үшін кредиттер бойынша мерзімін ұзартуды ұсыну жөніндегі тапсырмасын іске асыру мәселелері талқыланды.

Дәурен Сартаев өз кезегінде «Қазақстан Халық банкі» АҚ тарапынан өңірлік шағын және орта бизнесті қолдау бойынша барлық мүмкіндіктер қарастырылатынын атап өтті.

Айта кету керек, облыста 2023 жылға дейінгі Экономикалық даму жоспары қабылданды. Онда экономиканың түрлі салаларында жалпы сомасы 271 млрд теңгені құрайтын 265 жобаны іске асыру қарастырылған. Оның ішінде, ағымдағы жылы құны 26 млрд теңге болатын 108 жобаны іске қосу жоспарлануда. Қазіргі уақытта құны 4,7 млрд теңге болатын 58 жоба пайдалануға берілді. Сондай-ақ, ШОБ субъектілерін қаржылай қолдау мақсатында «Байқоңыр» ӘКК» АҚ-ның қызметі өңірдің барлық қаржы институттарын тарта отырып, жергілікті инвестициялық жобаларды іске асыруға толығымен қайта форматталды. Қоғам кәсіпкерлер үшін әріптес,



инвестор бола алады. Екінші деңгейдегі банктер мен қаржы институттарының өкілдері үшін қоғам құны 17 млрд теңге болатын 15 инвестициялық жобаны таныстырды. Оның ішінде 7 млрд теңге құрайтын 9 жоба қолдау тапты.

Жұмыс барысында аймақ басшысы өңірде қытайлық инвесторлармен бірге елдегі алғашқы шыны зауыты құрылысының аяқталатынын жеткізді.

— Қазіргі уақытта айна, шыны талшықтар мен стекловата өндірісі бойынша 3 жоба жүзеге асырылуда. Бұған да қазан айында қытайлық инвесторлар келеді деп күтілуде. Сонымен қатар, біз агроөнеркәсіптік өнімдерді терең өңдеу бойынша да жұмыс істеп жатырмыз. Қазіргі уақытта 5 жоба келіссөздер сатысында. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, сізден Халық банкіде Қызылорда облысы үшін кәсіпкерлерді жеңілдікпен қаржыландырудың жеке бағдарламасын жүзеге асыру мүмкіндігін қарастыруды сұраймын. Қолдау тапса, бұл бастама аймақ экономикасының дамуына орасан зор үлес қосады. Бүгінгі біздің ортақ жұмысымыздың одан әрі табысты ынталықтастықпен өзара түсіністікке ұласатынына үміттенемін, — депі облыс әкімі.

АЛТЫ АЛАШТЫҢ БАЛАСЫ БАС ҚОСҚАНДА,



● СЫР-СУХБАТ

Алтынсары Шүренов: «АҚЫЛ-ОЙДЫ ТӘРТІПКЕ КЕЛТІРЕТІН – МАТЕМАТИКА»

халықтың тұрмыс деңгейінің жақсарғанын өздері сезінетін нақты жағдай орнықтыру қажет деген сөзі бүгінгі күннің болмысына тура сипаттама беретін сияқты. Халықтың өмір жасының ұзақтығына келетін болсақ, соңғы жылдары бұл бағытта мемлекет тым-тәуір көрсеткіштерге қол жеткізді. Бұл орайда өзінің бүгешігеріне дейін жақсы білетін білім саласына қатысты не айтар едіңіз? Ойыңызды жүйеге түсіру үшін мына фактіні алдыңызға тартқым келеді. Билыл облыста 6 мыңнан астам түлек орта мектепті тәмамдап, ҰБТ-ға қатысқан. Солардың 500-ден астамы «Алтын белгі» иегері атаныпты. Көрсеткіш жақсы. Он процентке жуықтайды. Шындыққа жанасымды ма?

АШ: – Бұл өзі көптен бері айтылып жүрген түйткілді мәселе болғандықтан біршама талдау жасауға тура келеді. Айталық, мен орта мектепті бітірген 1972 жылы бүкіл Сырдария ауданында 4 бала, Қызылорда қаласында 6 жасөспірім ғана Алтын медаль иегері атанды. Біз соңғы уақытта цифр соңынан тым қуалап кеттік. Тіпті несиң жасырайық, ұяты жағдайға дейін жеттік. Бүкіл Қазақстанның білім жүйесі қазір реформаларды тың бастамалармен үйлесімді етуді ұйғарды. Мысалы, халықаралық PIZZA бағдарламасы бойынша елдегі білім деңгейі бұрын 3-6 орынмен бағалана, соңғы зерттеулер нәтижесі біздің есәуір кейін қалғанымызды көрсетті. Бағалау жүйесіне қатысты мектеп бітіруші жастардың математика, басқа да пәндер бойынша сауаттылығына бұрын қойылып келген талаптар өзгерді. Білесіз бе, талап өзгерген соң біздің нақты мүмкіндігіміздің әлеуеті де белгілі болып қалды.

Өз зерттеуімді, яғни жағдайдың орын алу себептеріне талдау жасап көрейін. Әдетте бізде өткенді сынап-мынау жағы басымдау. Бірақ дүниесін айтқанымыз керек, кеңес дүниесінде білім негіздеп оқытылатын. Оқушылардың логикалық өзінен-өзі ойлау жүйесін дамытуға мән берілетін. Отыз жыл бұрын ортақ жүйе құлады. Бірақ оның орнына жаңасын әзірлеу тым кешікті. Білім жүйесінде сабақтастық жетіспеді. Айталық, өткен ғасырдың 30-жылдары «ликбезбен» сауатын ашқан халық 60-80 жылдары білімді ұрпақ қатарын толықтырды. Білімге деген құштарлық пайда болды. Сосын өздеріңіз айта беретін тұтынушылық психология қалыптасты. Оның соны нарыққа ұласты. Жастардың санасында білімнен гөрі ақша табуға деген ұмтылыс пайда болды. Осының барлығы Қазақстанда ғана емес бүкіл посткеңестік елдерде жаппай етек ала бастады. Қазір әлемде өркениетті елдердің өзі білімнің қадірі қашқанын сезінді. Иә, өмір бір орында тұрмайды. Тоқырау болады, тоқыраудан кейін жаңа ізденістерге жол ашылады, біз қазір нақ сондай өзгерістер алдында тұрған жағдайымыз бар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кейінгі мәлімдемелерінде жалғыз білім емес, барлық салаларға реформа жүргізу қажеттігін атап көрсетті. Жоғары оқу орындарының талапқа сай келмейтіндігін лицензиясы алынуға. Бұл үрдіс жалғаса беретін болады. Уақыт жаңа талаптарды алға тартуда.

ЖА: – Өмір философиясы күрделі. Бұрынғы есті адамдар тоқтыққа үш жолмен – еңбекпен, ұрлықпен, тілемсектіпен жетуге болады депті. Менің білуімше, сөзін жас кезіңнен еңбекке деген құлшынысыңыз ерекше болды. Бұғананың қатпай жатып кара жұмысына жегілдіңіз. Үй қаладыңыз. Өкеніз Өлекенің ерте қайтыс болғанын, майданға аттанып, капитан шенінде Сталинградтан Берлинге дейінгі жолдан өткенін, ананың Жаныяға қолғабыс тигізіп, әскерге барғанын кейін ғана Қызылорда

педагогика институтының физика-математика факультетіне түскеніңізден хабардармын. Ал содан кейін 30 жыл Қызылорда қаласының жеті бірдей орта мектебінде директорлық қызмет атқарғаныңыз көз алдымызда. Бірнеше мәрте қалалық кеңес депутаты болып, түйінді-түйінді деген мәселелерді шешуге атсалысқаныңызды білеміз. Тағы бір білетінім, қаладағы санаулы деген білікті математиктердің бірі болып саналасыз. Уақыт өзгере бастағанда біреулер барлығын тастап, бизнеске бұрылып дегеніне жетті. Тағдырыңызға ризасыз ба? Өкінішіңіз жоқ па?

АШ: – Бұл енді менің тағдырым. Оған өкінуге болмайды. Қазақтан сөз қалған ба, ерте-ерте бір ақымыз: «Дүние деген ұшқан құс, Байқай алмай қаласың, Басыңнан шарлап өткенін», – деген екен.

Сол айтқандай, өмір ағысы тым жылдам екенін бірден байқаймын. Ел аман, жұрт тыныш. Соған қанағат тұтамын. Байқайсыз ба, қазір байып жатқандар баршылық, оған тек қуануымыз керек, ессіне өмір түзудің өкінішті аяқталып жатқандар да жоқ емес ортамызда. Бұрынғылар бақ пен сордың арасы бір-ақ қалам деген. Өмір барлығын орнына қойып жатсаң, аман, жұрт тыныштық, басың аман, бауырың бүгін кезде зейнеткер болу, әрине, меніңше үлкен абырой. Тіпті білесіз бе, жұмыстың қауырттығынан кейде осы демалысқа шыққанымызды бақытты сезінемін.

Жаңа айтқан әкем Әлеке, аман көп қиыншылықты көрді. Жеті баламыз. Кеңес дүниесінде қаншама әлеуметтік әділеттілік болғанымен, үнемі мардымды бір нәрсеге қолың жете бермейтін. Жалақы 60 сом, әрі кеткенде 100 сом. Ұдайы жетіспеушілік. Енді ұй салып, кіріш қалап дегендей, қосымша қаржы табудан басқа амалың қалмайтын. Мен қай

дәуірде болмасын өзімді аямаған адаммын. ЖА: – Ұзақ жыл басшылық креслода отыру оңай емес. Әділдіктің жолында шындыққа жетем деп қиналған сәтіңіз болды ма? Қазір қабылдауға деген ұстанымыңыз қандай?

АШ: – Әділетсіздікпен күрескен жағдай болды. Өмірдің мәні шындық деп жатамыз. Әлбетте, шынрау түбіндегі шындыққа жету дегеніміз оңай емес. Математикада нольді ноль екенін дәлелдеу үшін оның оң жағынан да, сол жағынан да келуге болады. Бірақ ол бәрібір ноль деген ұғымды білдіреді. Абсолютті шындық ешқашан болмайды. Өмір – күрес. Оның кейде бағынауға болмайтын объективті заңдылықтары бар. Өмірден көңілге түйгенім, жалтақ болсаң өз үніңді жоғалтқанмен бірдей екен. Ұлы жазушы Федор Достоевский: «Бір мақсатты көздеп үлкен жолға шыққанда саған үрген кез келген итке тұра қалып тас ата берсең, онда ешуақытта көзден мақсатыңа жете алмайсың» депті. Қызмет жылдарыма әртүрлі оқиғалар болды. Алаңдамай ойсыз жүрдім десем күлкілі шығар, кейде ақылды да, ойды да басқаруға тура келеді. Өзіңді басқара білсең жеңілейсің. «Бақыт күле қарап тұрған адаммен салғыласу ақылға қонымысыз» депті бір данышпан ертеректе. Конфуцийдің кезінде білімді деп алты өнерді менгерген адамды айтады екен. Олар – рәсімдерді дұрыс орындай алатын, музыканы түсінетін, садақ ата білетін, арба айдауды білетін, оқи білетін және математиканы білетіндер

екен. Осыларды қаншалықты менгергенімді айта алмаймын. Бірақ арба дегенің бүгінгі машина, оны бір адамдай жүргіземін, математиканы қаншалықты білетінімді айналамадағылар айтады. Бір адам «Арифметика – математиканың ал математика – ғылымдардың патшасы» депті. Ал Ломоносовтың «Ақыл-ойды тәртіпке келтіретін математика» дегені есімде. Егер тағдыр мені бүгінде осындай жетістікке жетуге жетелесе, онда аздап оқу мен тоқудың, оған кейінгі өмірден көрген тәлім-тәрбиенің әсері ғой деп ойлаймын.

Қазір таңдау деген мәселе де күрделі. Бір қызық факті айтайын. Танымсыз өтініш айтып. Мектепке институтты су жаңа қызыл дипломмен бітірген, көркіне көзің тойтын жап-жаң келініш келді. Сынайын деп математика емес, арифметиканың 5-6 сынып оқушысына берілетін есепті алдына тарттым. Шығара алмады. Кері қайтардым. Танымсыма айтып барды ма, әлде үнсіз кетті ме, білмеймін, өтініш айтқан адам қайтың хабарласпады. Бәкім жаңағы келініш ол кісіге не болғанын айтпаған шығар деп ойлаймын, себебі ондай есепті шығара алмаудың өзі ұят қой.

Кітәби сөзді айтты деменіз, бірақ ұстаз деген ұлы тұла. Мен ардайым оларға «Күнге қимдеріне ұқыпты, сойлеген сөздеріне, жүріс-тұрыстарына абай болыңдар. Оқушылар сендерді сырттарынан өлшеп-пішіп отырарды» дегенді жиі қайталаймын...

Әңгімелескен Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы»

ЖА: – Ұзақ жыл басшылық креслода отыру оңай емес. Әділдіктің жолында шындыққа жетем деп қиналған сәтіңіз болды ма? Қазір қабылдауға деген ұстанымыңыз қандай?

АШ: – Әділетсіздікпен күрескен жағдай болды. Өмірдің мәні шындық деп жатамыз. Әлбетте, шынрау түбіндегі шындыққа жету дегеніміз оңай емес. Математикада нольді ноль екенін дәлелдеу үшін оның оң жағынан да, сол жағынан да келуге болады. Бірақ ол бәрібір ноль деген ұғымды білдіреді. Абсолютті шындық ешқашан болмайды. Өмір – күрес. Оның кейде бағынауға болмайтын объективті заңдылықтары бар. Өмірден көңілге түйгенім, жалтақ болсаң өз үніңді жоғалтқанмен бірдей екен. Ұлы жазушы Федор Достоевский: «Бір мақсатты көздеп үлкен жолға шыққанда саған үрген кез келген итке тұра қалып тас ата берсең, онда ешуақытта көзден мақсатыңа жете алмайсың» депті. Қызмет жылдарыма әртүрлі оқиғалар болды. Алаңдамай ойсыз жүрдім десем күлкілі шығар, кейде ақылды да, ойды да басқаруға тура келеді. Өзіңді басқара білсең жеңілейсің. «Бақыт күле қарап тұрған адаммен салғыласу ақылға қонымысыз» депті бір данышпан ертеректе. Конфуцийдің кезінде білімді деп алты өнерді менгерген адамды айтады екен. Олар – рәсімдерді дұрыс орындай алатын, музыканы түсінетін, садақ ата білетін, арба айдауды білетін, оқи білетін және математиканы білетіндер

екен. Осыларды қаншалықты менгергенімді айта алмаймын. Бірақ арба дегенің бүгінгі машина, оны бір адамдай жүргіземін, математиканы қаншалықты білетінімді айналамадағылар айтады. Бір адам «Арифметика – математиканың ал математика – ғылымдардың патшасы» депті. Ал Ломоносовтың «Ақыл-ойды тәртіпке келтіретін математика» дегені есімде. Егер тағдыр мені бүгінде осындай жетістікке жетуге жетелесе, онда аздап оқу мен тоқудың, оған кейінгі өмірден көрген тәлім-тәрбиенің әсері ғой деп ойлаймын.

Қазір таңдау деген мәселе де күрделі. Бір қызық факті айтайын. Танымсыз өтініш айтып. Мектепке институтты су жаңа қызыл дипломмен бітірген, көркіне көзің тойтын жап-жаң келініш келді. Сынайын деп математика емес, арифметиканың 5-6 сынып оқушысына берілетін есепті алдына тарттым. Шығара алмады. Кері қайтардым. Танымсыма айтып барды ма, әлде үнсіз кетті ме, білмеймін, өтініш айтқан адам қайтың хабарласпады. Бәкім жаңағы келініш ол кісіге не болғанын айтпаған шығар деп ойлаймын, себебі ондай есепті шығара алмаудың өзі ұят қой.

Кітәби сөзді айтты деменіз, бірақ ұстаз деген ұлы тұла. Мен ардайым оларға «Күнге қимдеріне ұқыпты, сойлеген сөздеріне, жүріс-тұрыстарына абай болыңдар. Оқушылар сендерді сырттарынан өлшеп-пішіп отырарды» дегенді жиі қайталаймын...

Әңгімелескен Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы»

ЖА: – Ұзақ жыл басшылық креслода отыру оңай емес. Әділдіктің жолында шындыққа жетем деп қиналған сәтіңіз болды ма? Қазір қабылдауға деген ұстанымыңыз қандай?

АШ: – Әділетсіздікпен күрескен жағдай болды. Өмірдің мәні шындық деп жатамыз. Әлбетте, шынрау түбіндегі шындыққа жету дегеніміз оңай емес. Математикада нольді ноль екенін дәлелдеу үшін оның оң жағынан да, сол жағынан да келуге болады. Бірақ ол бәрібір ноль деген ұғымды білдіреді. Абсолютті шындық ешқашан болмайды. Өмір – күрес. Оның кейде бағынауға болмайтын объективті заңдылықтары бар. Өмірден көңілге түйгенім, жалтақ болсаң өз үніңді жоғалтқанмен бірдей екен. Ұлы жазушы Федор Достоевский: «Бір мақсатты көздеп үлкен жолға шыққанда саған үрген кез келген итке тұра қалып тас ата берсең, онда ешуақытта көзден мақсатыңа жете алмайсың» депті. Қызмет жылдарыма әртүрлі оқиғалар болды. Алаңдамай ойсыз жүрдім десем күлкілі шығар, кейде ақылды да, ойды да басқаруға тура келеді. Өзіңді басқара білсең жеңілейсің. «Бақыт күле қарап тұрған адаммен салғыласу ақылға қонымысыз» депті бір данышпан ертеректе. Конфуцийдің кезінде білімді деп алты өнерді менгерген адамды айтады екен. Олар – рәсімдерді дұрыс орындай алатын, музыканы түсінетін, садақ ата білетін, арба айдауды білетін, оқи білетін және математиканы білетіндер

екен. Осыларды қаншалықты менгергенімді айта алмаймын. Бірақ арба дегенің бүгінгі машина, оны бір адамдай жүргіземін, математиканы қаншалықты білетінімді айналамадағылар айтады. Бір адам «Арифметика – математиканың ал математика – ғылымдардың патшасы» депті. Ал Ломоносовтың «Ақыл-ойды тәртіпке келтіретін математика» дегені есімде. Егер тағдыр мені бүгінде осындай жетістікке жетуге жетелесе, онда аздап оқу мен тоқудың, оған кейінгі өмірден көрген тәлім-тәрбиенің әсері ғой деп ойлаймын.

Қазір таңдау деген мәселе де күрделі. Бір қызық факті айтайын. Танымсыз өтініш айтып. Мектепке институтты су жаңа қызыл дипломмен бітірген, көркіне көзің тойтын жап-жаң келініш келді. Сынайын деп математика емес, арифметиканың 5-6 сынып оқушысына берілетін есепті алдына тарттым. Шығара алмады. Кері қайтардым. Танымсыма айтып барды ма, әлде үнсіз кетті ме, білмеймін, өтініш айтқан адам қайтың хабарласпады. Бәкім жаңағы келініш ол кісіге не болғанын айтпаған шығар деп ойлаймын, себебі ондай есепті шығара алмаудың өзі ұят қой.

Кітәби сөзді айтты деменіз, бірақ ұстаз деген ұлы тұла. Мен ардайым оларға «Күнге қимдеріне ұқыпты, сойлеген сөздеріне, жүріс-тұрыстарына абай болыңдар. Оқушылар сендерді сырттарынан өлшеп-пішіп отырарды» дегенді жиі қайталаймын...

Әңгімелескен Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы»

Біз «Шанхайда» қатар өстік. Бұл бүгінгі өркениетке бет бұрған Қызылорданың шеткі аймағы. Тарихи соғыстан кейінгі жылдардан бастау алады. Көрген, алған тәлім-тәрбиемізде ұқсастық бар. Үш жүздің өкілі қоныстанған осы аймақта ақылына ісі сай дария көңілді керемет адамдар өмір сүрді. Ашаршылықтың, соғыстың небір нәубетін басынан өткергендіктен шығар, өмірдің әрбір қалтарыстарында кездесетін ауырталықтарға шүкіршілік етіп, төңірегіндегілерді ұдайы сабырға шақырып отыратын еді, жарықтықтар. Жастарды сол кісілер жүріс-тұрысымен, ақыл-парасатымен тәрбиеледі.

Менің кейіпкерім – қоғамдық саяси формация сипатымен алғанда екі дүниенің адамы. Кеңестік тәрбиемен өсіп жетілді, оқыды. Жоғары білім алды. Отыз жылға жуық Қызылорда қаласының жеті бірдей орта мектебін басқарды, яғни директор болды. Қатар өскен кейіпкерімді жоғары парасаттылығы, білімі мен біліктілігі үшін құрметтеймін. Ұзақ уақыттан бері қанша қолқа салсам да ыңғайы, сәті кеше түсті. Алтынсары Әлекейұлы Шүренов – Қызылорда қаласының құрметті азаматы. Енді шегінуге жол қалмағанын ұсыртып...

ЖА: – Сауалымды бүгінгі күннің өзекті мәселесінен бастағым келеді. Әлемде әрбір мемлекеттің даму деңгейін анықтайтын үш өлшем бар. Олар – мемлекеттің ішкі жалпы өнімнің өнімінің көлемі, халық жа-

сының сапалық және білім деңгейі. Қазір оның біріншісіне қатысты көзқарас өзгере басталды. Бүкіл әлемде солай. Қазақстан Президентінің кейінгі Жолдауында ішкі жалпы өнімнің цифрларынан гөрі бізге

ҰСТАЗ ЕҢБЕГІ ҰШАН-ТЕҢІЗ

Өмірде ұстаз деген ұғым бар. Біле білсек, бұл – қандай бір құрметті атақтан да биік. Мәселен, мектептегі немесе жоғары оқу орнындағы мұғалімнен бастап, қызмет жолында, өнерде, отбасылық қарым-қатынаста ұстаздың болатыны заңдылық. Мұғалім көп, бірақ бәрі бірдей ұстаз бола алмайды. Ұстаз деген – тек білім беруімен ғана емес, бойындағы тәлім-тәрбиесімен, қарым-қабілетімен, таным-талғамымен, бір сөзбен айтқанда, бүкіл болмысымен шәкірт жүрегінен ойып тұрып орын алатын адам.

Сb Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»



Сырдария ауданының тумасы, атақты ұстаз Оспан Абдулпаттаевты аймақ жұртшылығы жақсы біледі. Ол – өзі туып-өскен Сырдария ауданында (бұрынғы Теренөзек) тұғыш мектеп ашқан Сыр өңіріндегі алғашқы ұстаздардың бірі. Қырық жыл ұстаздық жұмырында қыруар еңбек етіп, елдің құрметіне бөленді. «Қазақ ССР еңбегі сіңген мұғалімі» атанды. «Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл Ту» ордендері мен Қазақ ССР Жоғарғы кеңесінің Құрмет грамоталарын иеленді. Қазір аудан орталығындағы №210 мектеп О.Абдулпаттаевтың есімімен аталады. Сондай-ақ, бұл кісінің есімімен аталатын көше де бар. Ең абаулы, ұстаздың тәлімін алған шәкірттері ел руханиятын көтеруге еңбек етті.

Бүгінгі сұхбаттасқан кейіпкеріміз – осы Оспан атаның шаңырағының келіні. Атасының абыройлы жолын жалғап, биік болмысын үлгі тұтқан, бүгінде ардагер-ұстаз Үлбосын Сейіт-Ахметқызының бойынан да осындай ерекше қасиетті байқайды. Өмірден көргені мен түйгені мол, сол себепті айтар әңгімесі де аз емес. Келбетті, көркем мінезді, сырткөзге сырған аша бермейтін көрінір тұр. Әйтсе де, көңілінің түкпірінде көп дүние жатқанды. Иә, қателеспепіз, расында солай.

Бүгінгі заманда, яғни технология қарқын алған шақта адамды көбіне мамандығына қарай бағалайды. Ал бұрын ше? Әлбетте, адамдығы бірінші орында тұратын. Ал біздің кейіпкеріміз – ауялы ана, ұлағатты ұстаз, ардагер, мамандығын адам-

дығымен ұштастырған абыройлы жан. Ел баласын тәрбиелей жүріп, өз балаларын да қатарынан қалдырмай өсіріп, бүгінде олардың әрбір жетісіне марқайып, мақтан тұтып отырған жайы бар.

Үлбосын апайымыздың әкесі Сейіт-Ахмет – Қостанай облысының тумасы. Ағасы Қожахмет екеуі бала кезінде жетім қалып, кейін қызмет бабымен осында келіп, тұрақтап қалған екен. Айтқынша, әкесі адал еңбегімен дәулет жиган, елге сыйлы адам болыпты. Ағаштан түйін түйген шеберлігі де бар. Ата-анасы оның төртеуі шетінеп, отбасында он бір бала өсіп-өнді.

Теренөзектегі И.Тоқтыбаев атындағы мектепте оқып, орта білім алған Үлбосын арман қуып, Алматыға жол тартты. Он жыл бірге оқыған құрбасы Серіккұл екеуі қазір Абылай хан атымен аталатын шет тілдер институтының даярлық курсына құжат тапсырған болатын. Алайда оқуға кететін күні жақын қалғанда әкесі алысқа жібергісі келмейтінін айтып, қаладағы М.Мәметова атындағы педучилищеге түсуіне кеңес берді. Әке сөзіне қарсы келмей, осы оқу орнына түсіп, бастауыш сынып мұғалімі мамандығын алып шықты.

Қолында дипломы бар, жас ұстаз Теренөзек аудандық оқу бөлімінің ұйғарымымен А.Тоқмағамбетов атындағы мектепке бастауыш сынып мұғалімі болып, еңбек жолын бастады. Бұл кезде әкесі науқас, төсек тартып жатып қалған еді. Үйде

жылы «Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісін иеленді.

– Дарак бір жерде ғана өсіп-өніп, бәйтерекке айналады. Сол секілді, мен де бүкіл саналы жұмырдың бір шаңырақ астында өткенін бақытқа балаймын. Быыл өзім 40 жыл қызмет еткен Теренөзек кентінің орталығындағы, И.Тоқтыбаев атындағы №35 мектептің құрылғанына 100 жыл толып отыр. Бұл білім ошағынан Асқар Кіребайұлы, Қайырбек Асанов сынды ақындар, композитор Рамазан Тайманов, әнші Жетіс Ысқақова, елші Қалыбек Қобландын сияқты елге белгілі тұлғалар шыңдалып шыққан. Осы орайда қасиетті қара шаңырақтың ұстаздарын, шәкірттерін ғасырлық мерейтойымен құттықтаймын. Зор шығармашылық табыстар тілеймін, – дейді ардагер-ұстаз.

Адам баласы өмірде жар таңдау мен мамандық таңдаудан қателеспесе, бақытты болары хақ. Бұл – астарлы сөз болғанымен, ақиқатқа айналған ұғым. Айтса-айтқандай, Үлбосын апайымыз да жар таңдаудан қателеспеген жан. Жолдасы Пазылхан адамгершілігі мол, ақ жарқын мінезді адам. Ол да – ұстаз. Дәлірек айтсақ, ұзақ жылдар бойы спорт саласында шәкірттер тәрбиелеп, абыройға бөленді. Ұстаздар отбасының балалары да мектепте үздік оқып, өмірде өз жолдарын тапты. Халықаралық қатынастар мамандығын менгерген қызы Сымбат қазір Египетте, Каир қаласында тұрады. Ал ұлдары Асанхан мен Жандос заман талабына сай кәсіпкерлік саласына бет бұрды. Халыққа қалтқысыз қызмет жасап келеді. Ата-ана үшін бұдан асқан бақыт бар ма?!

Мектепте ұстаз, үйде ана Үлбосын апай қарапайым еңбектен шабыт алатын. Колонер бұйымдарын жасайды, киім тігеді, бау-бақша егеді. Осының барлығы оның өмірге деген сүйіспеншілігін арттырып, өмір жолында өрге қарай жетеледі. Зейнеткерлік жасқа жеткен соң «ұрпағыма ұлағат болар» деп зердесіне жиғанын қағаз бетіне түсіріп, қаттай беретін. Жакында «Өмір – ғажап» атты көркем ойлы, көрнекті, естеліктер жинағы жарыққа шықты.

Ұстаз еңбегі ұшан-теңіз! Оның барлығын бір мақаланың аясына сыйғызу мүмкін емес. Дегенмен, төл мерекеле ардагер ұстаздың мерейін өсіресек деген мезірет қана.

ІЗГІЛІК НҰРЫ



Саналы жұмырын білім беру ісіне арнаған Манат Сматаова 1956 жылы Қармақшы ауданының Жосалы қыстағында дүниеге келген. Сонда Ш.Уәлиханов атындағы №2626 орта мектебінде білім алып, 1981 жылы Шымкент педагогикалық институтының тарих пәні мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдайды. 1985 жылдан бастап Қызылордадағы №4 С.Сейфуллин атындағы орта мектепте үздіксіз еңбек етіп, 1993-1999 жылдар аралығында мектеп директорының оқу-тәрбие істері жөніндегі орынбасары, мектеп психологы қызметтерін атқарған. 1999 жылдан бері өз мамандығы бойынша шәкірт тәрбиелеп, өмірінің соңына дейін ұстаздық етті. Сол жерде өзінің адами қасиетін, үлкен парасат несі екенін танытты. Шәкірт тәрбиелеп, ұстаз деген үлкен құрметке ие болды.

Манат апайдың шынайылығы мен турашылдығын шәкірттері әлі

Өмірде тұлғасы аласармайтын, орнын ешкімнен ауыстыруға келмейтін адамдар жетерлік. Соның ішінде кемелгерлігімен ерекшеленетін, шөктыгі биік тұлға – ұстаз. Өзгенің уақытын аялап, өзінің уақытын аямайтын мұғалімді қызметке ең биік баға беріліп келеді. Бүгін осы қызметті абыройлы атқарып, өмірден ерте оза да, артына өшпестей із қалдырған ұстаздың бірі Манат Шамбекқызы жайлы сөз қозғамақпыз.

Сb Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

Жосалы қыстағында дүниеге келген. Сонда Ш.Уәлиханов атындағы №2626 орта мектебінде білім алып, 1981 жылы Шымкент педагогикалық институтының тарих пәні мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдайды. 1985 жылдан бастап Қызылордадағы №4 С.Сейфуллин атындағы орта мектепте үздіксіз еңбек етіп, 1993-1999 жылдар аралығында мектеп директорының оқу-тәрбие істері жөніндегі орынбасары, мектеп психологы қызметтерін атқарған. 1999 жылдан бері өз мамандығы бойынша шәкірт тәрбиелеп, өмірінің соңына дейін ұстаздық етті. Сол жерде өзінің адами қасиетін, үлкен парасат несі екенін танытты. Шәкірт тәрбиелеп, ұстаз деген үлкен құрметке ие болды.

– Апай өте білікті, білімді болды. Өте қатал, бірақ артында зілі жоқ. Балалардың жақсы оқығанын, шынайы болғанын қалайтын. Үнемі «қолыңмен істегенді мойныңмен көтер» деп адалдыққа, ешкі

ТӨРДЕГІ ОРЫН – МҰҒАЛІМДІКІ

Мағжан Жұмабаев

ТАРИХ

СЫР БОЙЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚ ДӘСТҮР

Тарихи көне, ежелгі дәуірлер қойнауларынан әрі өтіп, біздің дәуірімізден бұрынғы ғасырларға жол тартатын өлкеміздегі оқу, білім беру ісі де ежелден басталғаны анық. Өйткені, адамзат баласының өмір сүруі үйрену мен үйретудің бірлігінен тұрады емес пе?! Ал үйрету мен үйрену деп отырғанымыз, сайып келгенде оқу, білім беру ісі деген сөз.

Сыр бойындағы білім беру, оқу ісі тарихын, тіпті бұл аймақ қана емес, бүкіл қазақ даласындағы оқу ісін біреулер Кеңес дәуірінен бастайды. Біреулер алғашқы мектеп деп орысша мектептердің өмірге келуін айтады. Біздің ойымызша, бұл дұрыс емес. Өйткені, адамзат баласының білмеке, үйренбеке құштарлығы оянған егеттен бастап оқу, білім беру ісі басталды. Ендеше, біздің аймақтағы білім беру, оқу ісінің тарихы да көне замандардан бастау алады. Ал, біздің қазіргі кезде «өлешен алғашқы мұғалім еді» деп атауымыз да шартты түрде ғана, мұны кеңестік көзқарас деген де жөн шығар. Себебі біз қазақ ұстаздарының атасы санап жүрген Б.Алтынсариннің өзі кезінде біреуден білім алды, оның да ұстазы болғаны анық қой. Оқу, білім беру ісін Б.Алтынсариннен бастасақ, онда оған дейін қазақ тарихында оқу, білім беру ісі жоқ болып шықпай ма? Дұрысында біз Б.Алтынсаринді орысша оқытуды бастаған алғашқы ұстаз деп атағанымыз жөн болса керек.

Тарих бұл өлкеде орта ғасырларда үлкен өркеніет болғанын әлдеқашан дәлелдене. Ал сол өркеніеттің оқуызы, білім берусіз болмайтыны – тағы да ақиқат. Аймақтағы оқу мен білім беру ісі туралы сөз қозғағанда кешегі Кеңес заманындағы «Қазан төңкерісіне дейін қазактар 2 процент ғана сауатты болды» деген тұжырым ойға оралары анық. Ал, бұл жалған, қазақ ұлтын кемсітуді мақсат еткен күтүркі пікір еді. Кеңес дәуіріндегі газет-журналдар осы деректі жарыса жазып, сол тұстағы мектептер санымен салыстыра, кеңестік өсуді мақтана көрсеткен тұстар өте көп. Біз мұның ақиқат ауылынан алыс екеніне деректер келтіре отелік.

Тоғыз жолдың торабына орналасқан бұл аймақ орта ғасырларда күрделі миграциялық үдерістер мен шиеленіскен саяси оқиғалардың орталығына айналған тарихтан белгілі. Біздің өлкедегі сол тұстағы қалалар осы оқиғалардың бел ортасында болды. Олар Оғыздардың Сырдария жағасындағы ең басты қалалары – Янгикент (Жанкент), Жент, Өзгент, Баршынкент, Сүгент, Сауран, Отырар, Асанас және тағы басқалар. Бұлардан да басқа көптеген кенесене, мұнара, мазар және т.б. әлі де зерттеулерді қажет етеді. Біз бұл тұста сол ескерткіштердің барлығын санамаудан аулақпыз. Біздің мақсат – сол қалалар, сол ескерткіштер арқылы Сыр бойында өркеніет, білім беру, оқу ісі ықпалы замандарда-ақ жүзеге асқанына назар аударту. Бұған сол қалалар мен қаланың тарихын, мазарлар мен мұнара, күмбездердің сәулет өнерінің талаптарына сай жасалуы, түрлі суландыру жүйелері, ою-өрнек, нақшият сол ғасырдағы бабаларымыздың геометрия, математика, агрономия, гидротехника, бояулар технологиясы, сурет, металлургия, музыка және т.с.с. салалары туралы менгергені көрсетеді. Бұл – айта-айтпа-ақ да оқу-білімсіз болмайтыны ақиқат. Ал, ол тұстағы оқу ісі туралы зерттеу жүргізу келер күндердің кезек күттірмес міндеті екені анық.

Біздің бұлай деуіміз негізсіз емес. Орта ғасырларда қазақ даласынан көптеген оқымысты ғалымдардың шығуы да біздің осылай тұжырым жасауымызға әкеп етпек. XX ғасырдың соңына дейін ортағасырлық ойшылдардан тек бес-алты ғана есімді – Өбу Насыр әл Фараби, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Иасауи, Махмұт Қашғари, Хайдар Дулати, Қалдырғали Жалайырларды ғана қазақ тарихына байланысты айтып, ондан да басқа көптеген есім тасада қалып келді. Бұл, «қазақ халқы көшпелі болды, оның жазуы-сызуы болмады, оқу, білім беру ісі болған жоқ, кеңес өкіметіне дейін сауатсыз болды» деген сынаржақ пікірдің салқыны екені де анық. Ал, кейінгі зерттеулер мұның жалған екенін, қазақ даласында ықпалы заманнан бері білім беру, оқу ісі болғанын көрсетуде. Мұның бір дәлелі – қазақ даласынан көптеген оқымысты-ғалымдардың шығуы.

Басқасын айтпағанымыз өзіміз, қазіргі Қызылорда облысымен шектесіп жатқан, қасиетті Сыр бойында қатар отырған Оңтүстік Қазақстан аймағындағы Отырардан көптеген оқымысты ғалымдардың шығуы да көп сынды анғартады. Сол сияқты орта ғасырда Сыр өңірінен Гийас әл Дин әл Женди сияқты оқымысты, ақын Йағқуб әл Женди сияқты ғұлама ғалым, Мухаммад әл Женди сияқты оқымысты, Хусам ад Дин

әл Баршынды сияқты әдебиетші, ақын, ойшыл ғалым, Молла Ахмет әл Женди сияқты ғұлама, Сирадж ад Дин Баршынкенті сынды ғалым, Хусам ад Дин әл Хусейн ас Сығанақи сынды ақын, ғалым, Шайқы баба Сығанақи сияқты ойшыл ғалым, ұстаз бен және т.б. ғалымдар мен ойшылдардың шығуы – бұл аймақта тек оқу, білім беру ісі болып қана қоймай, қазақ елінің басқа өңірлеріне таралуына ықпал жасаған деп болжам жасауымызға негіз болады. Кейінгі деректер мәселенің шындығында көз жеткізе түседі. Сол кездерде, яғни, біз сөз арқауы қылып отырған орта ғасырларда тек қана Арал теңізі маңынан Өбді әл Гафур әл Кердері, Мухаммад әл Кердері, Хафиз ад Дин Мухаммад әл Кердері сияқты ғалымдардың шығуы да біздің әлгі пікірімізді тиянақтай түседі. Шайқы баба Сығанақи жөнінде белгілі шығарылуы ғалым, профессор Ә.Дербісалиевтің «...бар уақытын ғылым мен білімге, дәріс беру мен шәкірт тәрбиесіне арнаған кеменгер де тақуа кісі болған» деуі де жоғарыда аталған ғалымдар мен ойшылдардың қай-қайсысы да ізне шәкірт ертен деп пайым жасауымызға негіз болады.

Одан бергі тұста білім беру ісінде орны бар ұстаздар – Сайд Ахмат Жала-лалдин Қосани (1461-1542 ж.ж.), Махмұт Сейіт Баба (1590-1663 ж.ж.), Қожан кожа (1595-1676 ж.ж.), Мәдікожа (Мах-ди), Мүсіралі сопы Әзиз – Әжіқожа Жәдікұлы (XVII ғ. екінші жартысы – XVIII ғ. басы), Сейітбекмбет әулие (XVIII ғ. аяғы – XIX ғ. ортасы), Марал ишан Құрманұлы (1780-1841 ж.ж.), Құлбоды ишан (шамамен 1785-1860 ж.ж.), Оразай ишан Бұғыбайұлы (1809 - ө.ж.б.), Сайф-назар ахун (1811-1873 ж.ж.), Қалқай ишан – Қал-Мұхамед Маралұлы (1815-1870 ж.ж.), Мырзабай ахун Азаматұлы 1833 жылы Сырдарияның орта ағысы тұсында өмірге келіп, 1900 жылдар шама-сында өмірден озған), Ораз-Мұхамеджан ахун Бекетайұлы (1836-1894 ж.ж.), Алтайбек ахун (1841-1913 ж.ж.), Баймен ахун (1846-1916 ж.ж.), Тапал ахун – Нұрмұхаммед Қалдырұлы (1848-1921 ж.ж.), Бабай ишан Жүнісұлы (1857-1937 ж.ж.), Қалжан ахун Бөлекбайұлы (1857-1916 ж.ж.), Жармұхамед ишан Оразайұлы (1858-1919 ж.ж.), Ахмет ишан Оразайұлы (1861-1927 ж.ж.), Садық ахун Қодарұлы (1860-1937 ж.ж.), Махмұт ишан (1873-1938 ж.ж.), Ақмырза ишан Төсейлі (1882-1930 ж.ж.) және т.б. есімдерін күрметпен атаймыз. Сол кезеңдегі діни ағартушы қайраткер бабаларымыздың дәстүрлері үздіксіз жалғасып келді. Осы қатардағы Мүкім ата, Тобағабыл, Мамырбай, Алдажар, Әміт, Қауыс, Ысқақ, Қошим, Керей ишандардың, Қазалыдағы Қуандық әуленің халық ортасында жасаған имандылық, адамгершілік, тәлім-тәрбие-лік қызметтері ұрпаққа өтегі. Кезінде ағартушылық рөлі жоғары болған Қожабай, Ермбет, Ешмағанбет және т.б. ахундар ментітерін іздері әлі жоғалған жоқ. Оқымысты молдалар – Ибраһым, Мамырайым, Есеназар, Қосназар, Солтанай, Мақұл шайхтар, Исмаил, Ысқақ, Ремеет, Пірше, Шоқбар Тіглейұлы, Есмахан Қауғаулы, Қунадақбай, Сыдық, Әшіман, Асан, Омар, Әбділмүтәліп, Ибадулла, Жұмалла, Сейдахмет, Оспан, Мұсахан, Сапар, Іскендір, Балта, Мұстафа, Усейін, Бұрхан, Мәді, Махмұд, Инаят, Жүсіп, Тайман, Аманоткелді Ахмет, қазалылық Қуандық әулие (Қалпе ата), теректібастық Кемалбай ахун, құмайлық (қазіргі Сексеуіл стансасы) Баймахан ахун, аралдық Қалдыбайұлы Әлмұхаммед (Қарамолда) және т.б. қасиетті тұлғаларымыздың ұлағаты ел жадында. Сондай-ақ алты Алашқа аты мәлім осы өңірден шыққан жыраулар мен шайырлардың да, кейін Кеңес өкіметі жылдарында ел басқарған, оқу ісіне араласқан азаматтардың көпшілігі де алған сауаттарын осы діни ағартушылардан, молда, ишан, ахундардан ашқаны көпшілікке мәлім екені анық.

Арал маңы мен Сыр бойында ағартушылық бағыт ұстанған ахун, молда, ишандар тек сауат ашу жұмысын ғана жүргізген жоқ, олар ел бірлігін, ағайын ауызбірлігін, татулықты сақтауға, ұлттық салт-дәстүрді сақтап, дамытуға да үлес қосты. Олар менті салып, имандылыққа тәрбиелеу ісіне, мектеп ашып, білім беру ісіне, медицина, астрономия, фармацевтика, тарих және т.б. салалар бойынша ізденіс жасап, ел ішінде ауру-сырқауларды, жын иектенгендерді емдеген, ел шешірісі мен аңыздарды, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, елді кәсіпке баулыған.

Енді маңағы кеңестік дерекке келсек, төңкеріс алдында ислами мектеп, медреселерді, семинариялар мен басқа да оқу орындарын айтапғанымыз өзіміз 1910 жылы Қазақстанда 157 орыс-қазақ мектебі болса, 1916 жылы мектептерді айтапғанымыз өзіміз, тек училищелердің санының өзі алты жүзге жеткен. 1914-1915 жылдары Қазақстанда екі мың алты жашы білім беру мектебі болған, оларда 105100 оқушы оқыған. Бұған қоса, Қазақстанда жеке мектептер де болған. Міне, сонғы деректер «Кеңес билігіне дейін қазақтар сауатсыз болды» деген пікірдің жалған екенін көрсетеді.



Сол тұстағы оқу, білім беру ісін негізгі екі бағытта қарастырамыз. Олардың біріншісі – мұсылманша оқу, яғни, таза діни оқу болса, екіншісі – жадитше не орысша оқу бағыты. Мұсылманша, яғни, таза діни оқу осы кезеңге дейінгі дәуірден бері жалғасып келе жатқан жүйе болатын. Бұл оқу да, жадитше оқу да Кеңес өкіметінің қысымына қарамастан әр тұста көбіне жасырын жағдайда 1930 жылдарға дейін жалғасты. Одан кейін Кеңес билігі дінге қарсы күресіті күшейтіп, діни мектептердің, мешіттердің де, ахун, ишандардың да 1937 жылы көзін құртып тынды. Кейбір діни ағартушылар уақыт толқынына ілесе кенестік мектеп мұғалімі қызметіне кірісті.

XX ғасыр басында да Сыр бойында діни бағыттағы білім беру ісі жалғасып, ел сауатын ашу, білімдендіру ісіне үлкен үлес қосты. Кей кезде екі бағыттың тұтасып кеткені де байқалады. Қарамолда-Мұхамеджан (1888-1937 ж.ж.), Айтмұхамед (Айтбай) (1887 жылы дүниеге келген), Сүлеймен ишан Есейұлы (1888-1969 ж.ж.), Алдашбай ахун Ерназарұлы (1858-1936 ж.ж.), Ізтілеуов Тұрмағамбет (9.7.1882 – 15.5.1939), Алшынбаев (Мұхамедрахым) Рахым (1893-1980 ж.ж.), Найзабаев Әбду (1891-1931 ж.ж.), Басапа ишан Алдабергүлді шамамен (1894 жылы (кей деректерде 1892 жылы, яғни Ұлу жылы деп те көрсетілді) – 1946 ж.), Әбдісәдік (1848-1888), Шаймағанбет ахун (1870 ж. – ө.ж.б.), Махмұт ишан Нығаметұлы (1894-1982 ж.) және т.б. тағылымы әлі де ел есінде.

Перовск қаласында орысша оқытатын алғашқы мектептер 1860-1863 жылдары ұйымдастырылған. 1863 жылы Қырғыз (қазақ) училищесі, 1879 жылы қыз балалар, 1906 жылы ер балалар училищелері ашылды. Олар небәрі 150 шәкіртті қабылдады. 1901 жылы Перовск (Ақмешіт) қаласында орыс-түземдік училищесі ашылды. Ал 1911 жылы онда оқитын оқушылардың саны 82-ге жетті. Оның 63-і қазақ балалары еді. Қазалы, Аралда да шіркеу-приход мектептерінің ашылуы жоғарыда аталған мерзімнен тұспа-тұс, 1860-63 жылдар аралығын қамтиды.

Сыр бойында оқу, білім беру ісі үздіксіз жүрген. 1918 жылдың өзінде Перовск және Қазалы уездерінде халыққа білім беру бөлімдері құрылып, қызмет атқара бастады. Мәліметтерге сүйенсек, 1918 жылдың қазан айында Қазалы уездік халыққа білім беру бөлімі құрылған. Оның төрағасы А.П.Акирский болды. Қазалы уездік халыққа білім беру кеңесінің алғашқы мүшелері, А.П.Акирский, Г.П.Опышевская, Қ.Унгобаев, О.О.Ивницкий, А.А.Шолахов, А.В.Ковалев, С.И.Тураков болған. Ауданның білім беру саласын одан кейінгі жылдары Е.Қудасов, С.Тольбеков (Тольбеков), С.Нұрманов, Р.Бөлекбаев, Ш.Әлімбетов, Ә.Ұлманов және т.б. басқарды. Ал, бұл іс одақтың өзге аймақтарында басқа сипатта болды. Қазан төңкерісінен екі жыл кейін, 1919 жылдың 26 желтоқсанында В.И.Ленин қол қойған «Сауатсыздықты жою туралы» декрет шықты. 1920 жылы мамыр айында Қаз АССР Халық Комиссарлар Кеңесі «Қазақ АССР-ның біртұтас жүйедегі еңбек мектебінің уставын» қабылдады. Сырдың топырағында туып өскен білімдер педагог Е.Букниннің де ағартушылық қызметі қызылордалықтарға жасы мәлім. Оның 1920 жылы орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздігі жарық көрді. Бұл Қазақстандағы алғашқы ғылыми сөздік еді...» деп көрсетеді «Сыр елі» энциклопедиясы.

Өткен ғасырда мектеп жанынан ин-

тернаттар, мектеп-интернаттар ашылуына қатысты деректерде де ауытқушылық бар. Мәселен, Аламекектегі екі жылдық орыс-қазақ түземдік мектебі 1920 жылы мектеп-интернатқа айналған. Ал, кей еңбектерде интернаттардың ашылуын 1925 жылдарға дейін шегерелді.

Облыс көлемінде мектептер санының өсуі 1930 жылдардан кейін ерекше қарқынға ие болады. Жалпы, кей деректер Сыр бойына Қазақстан астанасы көшіп келмей тұрып-ақ бұл аймақтың еліміздің оқу ісінде маңызға ие болғанын көрсетеді. Мәселен, 1924 жылы мектеп-кейінгі мекемелер қызметкерлерінің бүкілқазақстандық тұңғыш конференциясы Қызылорда қаласында өткізіледі. Сол сияқты балалар мекемелері ісіне қатысты бұл аймақта мол тәжірибе жинақталды. Жоғарыда аталған республикалық конференциядан да, одан кейін де көптеген шаралардың Сыр бойында өтуі біздің аймағымыздың 1920-1950 жылдары осы бір аса маңызды істе жетекші орында болғанын көрсетеді. Иә, балалар мекемелерінің материалдық базасын жақсарту, балаларды мектепке даярлау мен балалар үйін ұйымдастыруда тек Сыр бойында ғана емес, бүкіл Қазақстанда қызылордалық К.Ш.Травинаның еңбегі зор болғаны елге белгілі.

Сауатсыздықты жою мектептері туралы деректерде де шындықтан ауытқу бар. Мәселен, «...1938 жылы ауданда 18 ауылдық кеңесте 27 мыңдай халық тұрды. Осылардың ішінде 5183 адам сауатсыз, 3302 адам шала сауатты, барлығы 8485 адам сауатсыз еді. Сауатсыздар үшін 127, шала сауаттылар үшін 85 барлығы 212 мектеп ашылды, бұларға 4031 сауатсыз, 2 240 шала сауатты барлығы 6271 адам оқуға тартылды. Ауданда 1938 жылы 60 бастауыш комсомол ұйымы болды...» деп жазылған «Сырдария (Теренөзек)» атты кітапта. Деректердің қайдан алынғаны көрсетілмеген, ал мұны біз сауат ашу ісін уәзіл араб әліпбиі негізіндегі қазақ жазуы бойынша, сосын 1928 жылдан бастап латын әліпбиі негізінде, 1940 жылдан бастап орыс графикасына негізделген әліпбиіне, яғни, үш рет жүргеніндегі мектептер санын қосып жіберген деп ойламыз. Дәл осы тұстағы «Теренөзек» атты кітапта: «...Ауданда 1938 жылы 3 бастауыш, бір орта мектептердің құрылысы басталып, 1939 жылы бітіру жоспарланған. Сауатсыздық пен шала сауаттылықты жою мақсатында 26 мектеп ұйымдастырылып, онда 2734 адам оқыды. Ауданда 30 бала тәрбиелетінін балабақша және 75 баланы қамтитын маусымдық екі балалар алаңы болды. Аудандағы 41 мектепте 5272 оқушы білім алды...» деп көрсетілген. Бұл – шындыққа жанасымды, 26 мектеп пен 212 мектептің арасы жер мен көктей ғой.

Деректерге көз жүгіртсек, 1938 жылы жана құрылған облыс көлемінде 230 бастауыш, 48 орталау және 11 орта мектеп болды. Бұл мектептерде 1370 мұғалім сабақ берді. Сондай-ақ, облыста 13 интернат, 6 балалар үйі, 9 балабақша болса, жоғары және арнаулы орта оқу орындарынан Қызылорда педагогикалық институты, Қызылорда және Қазалы педагогикалық училищелері, сауда, темір жол, ауыл шаруашылығы, малдәрігерлік техникумдары мен фельдшерлік мектеп ұстаз істеді. Жетіжылдық мектеп-кеп жеткіз кадрлар даярлау міндетін екі-жылдық педагогикалық курстар атқарды. 1938 жылы бұл курстарда 756 адам оқыды. Осы курсты бітірушілердің есебін Сыр бойындағы мектептер педагог кадрлармен біршама қамтамасыз етілді.

Міне, аймағымыздағы білім беру ісі тарихының кей беттерін ұсына отырып, адам тіршілігіндегі аса маңызды іс – ұрпақ тәрбиесі, білім беру ісі ел егемендігі жылдарында қарыштап дамуға, ұстаздар мәртебесі көтерілуіне, бұл аймағымызда да айқын анғарылады деп тұжырым жасамалық. Сыр бойы ұстаздары көне заманнан бастау алған қасиетті істеріне адалдық танытып, биіктерден көрінуде.

Алдажар ӘБЛІОВ,
филология ғылымдарының
кандидаты,
ҚР Журналистер
одағының мүшесі

Миллион бұйырған мектептер

Осыдан 6 жыл бұрын шығар, дәлірек айтайық, 2014 жылы облыстық «Ұстаз үні» газетіне хабарландыру берілді. Ондағы ақпаратта «Орта білім беретін үздік ұйым» конкурсы туралы айтылған. Бұл Білім және ғылым министрлігінің «Орта білім беретін үздік ұйым» грантының мөлшерін және тәртібін белгілей отырып, оны беруге арналған конкурсты өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес қолға алынған жоба болатын.

Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы»

Конкурстың негізгі мақсаты – қатысушы мектептің орта білім беруде педагогикалық және басқару тәжірибесін анықтау. Сондай-ақ мектептегі педагогтар мен басшыларының кәсіби және жеке тұлғалық өсуін ынталандыру, елдегі орта білім беру жүйесінің даму үрдісін анықтау. Ал үздік мектепті анықтау үшін арнайы сала мамандарынан комиссия құрылатыны тағы белгілі.

Ал осы «Орта білім беретін үздік ұйым» грантын алған мектеп 17 млн теңгені иеленеді. Аз қаражат емес. Жыл сайын өтетін конкурста бұл қаржы облыстық бюджеттен қаралады. Қаржыны ұтып алған білім мекемесі қажетіне, мысалы, мектептің материалдық-техникалық жағдайын жақсартуға жұмсайды.

Оқырман есіне салақ, алғаш 2014 жылы байқау жариялана салысымен қатысуға 10 мектептің құжаты тапсырылып, нәтижесінде облыстық комиссияның шешімімен №10 облыстық дарынды балаларға арналған қазақ-түрік лицей-интернаты жеңімпаз атанды. Келесі жылы 9 білім ұжымы бақ сынап, нәтижесінде оның ішінде №9 облыстық дарынды балаларға арналған қазақ-түрік лицей-интернаты биіктен көрінді.

Әрі қарай жыл бойына санамаласқ, 2016 жылы №4 облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты, 2017 жылы қаладағы №3 мектеп-лицейі, 2018 жылы №2 «Мұрагер» мектебі осы конкурстың грантын

иеленген. Бұлтыр байқауға қатысуға 5 мектеп тіркеліп, құжаты тиянақталған соң, облыстық комиссия шешімімен Қармақшы ауданындағы №277 мектеп-лицейі осы жеке тұлғалық оқу үнін алды. Ал биыл Қазалы ауданының мектебі бұл грант жүлдесіне лайық деп танылған. Грант ұтқан Е.Бөзғұлов атындағы №249 мектеп-лицейінің директоры Батырбек Төңірбергеновпен телефон арқылы тілдесіп, құттықтады.

– Соңғы үш жылда ұстаздар мен оқушылардың жеткен жетістіктерін комиссияға ұсындық. Осылайша, ұстаздар мен оқушылардың білімі сарайға салынып, арнайы комиссия шешімімен грант иегері атанды. Енді ұтқан қаржымызбен өз мектебімізді қажетті жабықтармен жасақтайтын боламыз. Мысалы, жана апаратындық-технологиялық құрылғылар алынып, 500 орындық мәжіліс залына LED экран құру жоспарлау бар. Бұдан өзге ішкі шараларға қажетті музыкалық апараттар барлық мектептерге аламыз. Қалған қаржыға ұстаздар мен балалар пайдаланатын ноутбуктер сатып аламыз. Әрине, бұл мектеп жанындағы қамқоршылық кеңестің және облыстық білім басқармасының келісімімен жүзеге асатын болады. Барлығы жеткілі заттар арнайы жан жүзінде, төңдермен, мемлекеттік сатып алу арқылы келеді, – дейді мектеп директоры.

«Тұлғаңды арманнама ұқсатқанмын»

Оқытушы мерейін үстем ету – ортақ іс

Педагогтың қоғам алдындағы беделін тек құжат қана көтермейді, ел тұрғындарының жауапкершілігі мен жанашырлығы да аса маңызды. Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Халықтың сенімін ақтаудан артық абырой жоқ, болуы да мүмкін емес» деген тағалымы сөзі бар. Расында, ұстаздарға ұлттың бөлшегі – бүгінгі бұрынғы білім аманаттасқа, мұғалімнің мәртебесін көтеру де – ортақ іс екені белгілі. Осыған байланысты академик Ерлан Сыдықов «Қай мемлекет ұстаздарына қатысты қандай саясат ұстанса, мемлекеттің беделі де соған сай қалыптасады. Сондықтан ең бастысы, қазақ еліне мұғалімді қалпына келтіретін тамаша дәстүр бар. Қызметтегі, биліктегі бүгінгі толық оны ұмытпа қойған жоқ. Сөз жоқ, түгел келгенде, педагог беделі заман емес, қоғамның ар-ұятымен, жауапкершілігімен шегеленеді. Қасиетті «Құранның» өзінде де, біздің мың жылдық дәстүрімізде де ұстазды сыйлау парыз екені ерекше айтылған. Ендеше «Педагог мәртебесі туралы» заңның қорғаушысы да, қолдаушысы да, дәйегі де, мәйегі де – қоғам» деген болатын.

Педагог болам деушілер көбейді

Биыл облыс бойынша ҰБТ-дан ең жоғары – 133 ұпайды еншілеген түлек мұғалім болуды қалады. Білім беру саласын өзіне талап қойып жастардың таңдағаны қуантады. Өйтпесе, бір жылды үздік түлектердің мұғалім болғысы келмейтіні туралы да айтылып қалатын еді. Иә, жыл сайын педагогика саласын таңдайтын жастардың қатары артып келеді. Биылдың өзінде мектеп бітіріп, Ұлттық бірыңғай тестілеуді аяқтаған түлектердің 980-дей ұстаздық мамандыққа бет бұрған. Мұнан өзге, облыс әкімінің гранты негізінде бірқатар жас педагогика саласында оқуын бастады.

Мұғалім мобильді қосымша жасауда

Әлемге тараған пандемия білім беру саласындағы дәстүрлі форматты өзгертті. Еесіне цифрландыру мүмкіндіктерін пайдалануға жол ашты. Осыған байланысты қашықтан оқытуға қажет электронды құрылғылар оқушылармен қатар педагогтарға да үлестірілді. Білім саласы қызметкерлерінің қоспалағыммен бірлесіп отырып, 306 мұғалімге ноутбук берілсе, мұғалімдер күніне орай тағы 40 ұстазға табысталды.

Қазір оқушылар қашықтан оқуда «Bilimland» білім беру платформасына да пайдаланады. Платформадағы видео сабақтардың жасалуына үлес қосқан ұстаздардың қатарында қазалылық Азиза Әлібаева да бар. №266 мектеп-лицейінің орыс тілі пәнінің мұғалімі 6-сыныпқа арналған бірнеше тақырыптардың сабақ жоспары мен видеосценарийін жазған.

Бүгінде үздік педагогтың өзі де, оқушылары да халықаралық байқауларда жеңімпаз атанады. Өткен жылы халықаралық «Закачай знания!» сайысында алғашқы турдан өтіп, Мәскеуге шақырылды. Он жеті елден келген 25 финалистің арасында бақ сынап, сабақта цифрлық ресурстарды пайдалану әдістері, идеяларын таныстырып III орын иегері атанды.

Бүгінде педагог израилділік Зев Фрайманмен бірлесіп қазақ сыныптарында оқитын 6-сыныптың орыс тілі пәніне арналған мобильді қосымша жасауда.

Байқағанымыздай, жана жағдайға бейімделіп, цифрлық білім беруде өзіндік әдіс-тәсіл ұсынған

● БҮГІНГІ КҮННІҢ КҮРКІРІ

ЕЛ АҒАЛАРЫ

Мынау заман, қай заман дейтін жыраулар. Бұл ел-жұрт қиын жағдайға тап болғанда айтылатын сөз. Алайда осылай деп күңіренетін бүгінде жыраулар жоқ. Тіпті, жыршының өзі тапшы. Бұл жырлайтын тақырыптың жоқтығынан ба, әлде жырау, жыршылардың қажет болмай қалғандығынан ба?!

Айтар болсақ, себеп те көп, сылтау да көп. Сонда қазіргі заман, қандай заман? Асан Қайғы айтқан қилы заман ба? Жоқ дейміз, қазақ қилы заманды басынан өткеріп барып, жығылып-сүрініп тәуелсіздікке жетті. Оның өзінде өзгелердің дүмпуімен, шындығын айтсақ, Қызыл Кенесіткі империяның іштей азып-тозып ыдырауы, біз осы түстен есімізді жиып, егемен ел болдық. Тәуелсіздікке жеткізген тарихи тұлғалар туралы сөз айту әлі ертерек. Оны келешек көк тұманның аң жағында өмірге енетін XXII ғасырдың жастары айтсын. Оған небәрі жүз жыл қалды.

Біз өткен жүзжылдық төл тарихымызды әлі де саралап, игере алмай жатқан қалпымыз бар. Бәрі араласып кетті. Санада тазалық шамалы. Тәуелсіздіктің тарихына коммунистер, социалистер араласқан соң не болмақ. Тәуелсіз елдің тарихын XXI ғасырдың тәуелсіз жастары жазуы керек, олар бүгінде жиырмалар шамасында. Жиырмалардан бөленді де, жоқ деген, олар өзінен бес жас кішілерді және бес жасқа ілгерідегілерді қосып алмақ, бұл қазіргі он бес пен жиырма бес жас аралығындағылар.

Ел де, тарих та, келешек те осылардың қолында. Шындық – осы. Бұдан ешкім де аттап кете алмақ емес. Бұл – қазақ халқының «алтын ұрпағы». Мәселе, осы ұрпақтың арбасына біз аға ұрпақ нени салмақпыз? Бар жауапкершілік осыда. Осы істе қателесек, ол біздің келешек алдындағы кінәміз де, күнәміз де болмақ.

Тәуелсіздік логикасы осы. Бұдан бұра тартсақ, сіре да жақсылыққа бастаймыз. Қазір тарих сахнасына отыз-отызы бестегілер шығып келеді. Сөздері, ұрандары сан алуан. Аталы сөз де, заман өте атаусыз қалатын сөздер де баршылық. Сөз көп. Бірте-бірте іс те басталмақ. Осыны көріп-біліп отырған Ел Ағалары не демек?!

Ел Ағасы деп айтып қалдық. Бүгінде ел қамын жеген Ел Ағалары бар ма? Халқымыз айтушы еді, «Ел ағасыз болмас, тон жағасыз болмас» деп. Сол сөз тірі ме? Ел-елде Ағалар бар ма? Айтуын айтсаң да, ойлан-қалдым. Ел Ағалары деген – сакралды ұғым, қазақшалаасақ киелі түсінік.

Бәріміз «Жау жүрек мың бала» деген фильмді әлденеше рет қайталап көрдік. Сырт тұрғанға бір кісіді қарсы тұрғанда Ел Ағалары жиналған. Қазақтың рулық құрылымы ел боп топтасудың таптырмайтын тәсілі екен. Ұран Ел Ағаларына жетті, ол ру-руға жетті деген сөз, содан халық тас түйін болып топтасып шыға келді. Несі жаман? Тамаша. Ел Ағалары өз руларына не, Олардың айтқан сөздері екі етілмейді. Бұл демократия емес пе? Ойланайық!

Сонда Ел Ағасы деген кім? Алдымен ойға келетін нәрсе, ол ел ішінде ағайын-туыс, ортасында сыйлы болуы керек. Елге сыйлы болу – аса қиын шаруа. Қолында еш билігі жоқ, бірақ елге сыйлы, ол қалай болмақ? Хакім Абай отыз тоғызшымың қара сөзінде айтып еді, «...Ол екі мінезі қайсы десең, әуелі – ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көш-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре берді екен. Ол ел басы мен топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халық та оны сынамақ, бірден бірге жүргізе бермейді екен».

Елге қадірлі болу? Оны кім ойлаған? Авторитарлық басқару жүйесінде елге қадірлі болуды ойлаудың еш қажеті болмады. Бәрі билікке жұмылдырылған. Заманды заманмен салыстыруға болмас, әйтсе де Қазыбек біте қатысты бір мысал келтірмекпін. Өткен жылдары Қазыбек бидің Қарағандыда мерейтойы болып, арнайы ғылыми конференция өтті. Конференцияда баяндамада XVIII ғасырда Төле би, Әйтеке би, Қазыбек билер бастаған заманда қазақ елінде либералды демократиялық басқару жүзеге асты деген кесімді пікірмізді айтып, дәлелдеуі тырыстық.

Конференциядан кейін мен көтерген осы мәселе дау туғызды. Заң жүйесінде көрнекті қызмет атқарған азамат:

– Ғарек, конференция үстінде сурақ қоюды жөн көрмедім, енді айтарым, сіз қалайша қазақ жерінде XVIII ғасырда либералды-демократиялық басқару мүмкін дейсіз, әрине, бұл жағдай Еуропа елдерінің бірінде болса түсінікті, қалай қазақ даласында мұндай мүмкін болуы – деді, қасында оны құптаушылар да бар екен.

Жауап беру үшін облыс әкіміне бұрылып, Қазыбек биге бағынышты болған қазіргі Павлодар, Ақмола, Қарағанды, Петропавл, Қостанай облыстары емес пе дедім. Әкім құптады. Осы өңірлерге Қазыбек би сөзі жүріп тұрды. Сонда Қазыбек биге бүгінгідей самсаған аппарат, жүзлеген қызметкер жоқ.

Төле биге қаншама облыс қарады, Әйтеке биге ше? Олардың ешқайсысында аппарат болмаған. Сонда билік қалай жүзеге асты? Мәселе, беделде. Беделді Ел Ағалары болған. Олар қазақ елінде қалыптасқан либералды-пирамидалық билік басқару жүйесінде қызмет атқарған. Олар билер, Ел Ағалары, топ басшылары. Олардың беделі – тазалық.

Төле би айтқан қағида «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ». Әрине, ол заманда да жемқорлық болған, бірақ ондайлар, негізінен, биліктен қағылып қалып отырған. Бедел бірінші орынға шыққан. Ру басшылары, Ел Ағалары халық сөзін сөйлеген. Қилы заманда жұрт Ел Ағаларын тыңдаған. Олар елді тыңдата білген. Мұндай жағдайға қазақтың рулық құрылымы – таптырмайтын тәсіл.

Мұхтар Өүезовтің «Абай жолы» романындағы Құнанбай қажының жүргізген билігі – ру басшыларына сүйену. Ел ісін ру басшылары біледі. Ру басшылары жиналып ынтымаққа келеді. Ол – халықтың, мемлекеттің мүддесі.

Кенес заманында қазақтың рулық құрылымын мейлінше қараладық. Бұл жүйені іске алғысыз еттік. Оның орнын комсомол, партия басты. Рушылық – триализм дедік. Сонда триализмнің не екенін кім білген?! Айтылды, ол қате деп, біз де алып-соғып триализм дегеннің ұйпа-тұйпасын шығардық. Мұнымыз мүмкін деген, мүмкін қате болды. Оны бүгінде кім ашып, анықтап айта алмақ?

Ел Ағалары билік, хандық кеңестерде әрбір рудың мүддесін қорғап, биліктегі әділеттілікті саралап, тең-теңдік саясатын ұстанған. Осы қағида қазақ елінде әбден бұзылды, себебі ру-рудың Ел Ағалары болмады. Ақсақалдар деген жойылды. КПСС Орталық комитетінің ақсақалдарға қарсы арнайы қаулысы шығып, соның нәтижесінде Ел Ағалары тегіс «Халық жаулары» болып қудаланды. Бұл «Халық жауларының» соңғы легінің бірі – «семіздерді» ұстау. Себебі, ақсақалдар шынында да көрнекті, келісті жандар болатын. Айталық Сәкен Сейфуллин әкесі Сейфулла осы дүрмекке ілінді. Менің ағайындай Есім, Әлім атты екі атам осы «семіздер» тізіміне ілінгендер еді.

Кенес заманында Ел Ағасы негізінен жойылды. Барлығына жол берілмеді. Себебі, Ел Ағалары дінді, дәстүрді, кісілікті айта бастайтын. Ол коммунистерге ұнамады. Ел Ағасы болатындарды шетке шығара бастады, оның орнына қолдан «Ел Ағаларын» жасау саясаты ерте басталды, ол – депутаттыққа сайлау. Социалистік Еңбек Ері атағын беру, ордендермен марапаттау, кезінде НКВД, КНБ және өзге де құқық қорғау органдарында қызмет атқарғандарды «ардагерлер» деп марапаттау. Ақыры, ел жағасыз, яғни Ел Ағаларынсыз қалды. Сол қалыппен Тәуелсіздікке жеттік. Сондықтан, Ел Ағалары жоқ. Жағдайымыз солай. Қариялардан бата тілесек, тост айтады. Халық дәстүрі іріген. Құндылықтарымыз құлдырауда. Осындай жағдайда ілгері

ұмтылған жастарымыздың халі не болмақ?

Ата тарихымыздың өне бойында жастарға тілекші, қамқоршы аға буын болып келіп еді, енді не болды?

Жастарға жөн, ақыл айта-тын Ел Ағасы бар ма? Тіпті мен Ел Ағасымен дегенмен жұрт оған илана ма?! Міне, мәселе қайда?!

Мүмкіндікті жіберіп алдық, қате айтсам, түзетінсіздер. Тәуелсіздік – мүмкіндік еді. Отыз жыл аз мерзім емес, негіз жұмылған жудырықтай ынтымақты халық бола алмадық? Кіно кімнен? Бәрімізден. Елдің Ағалары болмағандығынан. Мемлекетті басқару жүйесі табиғи өрісін тапты ма? Қазіргі айғайдың негізінде не жатыр? Неге бір ұлт бөлшектеніп барады?

Олигархтарды Ел Ағалары деуге бола ма? Жұмысынан босаған облыс әкімдерін Ел Ағалары деуге бола ма? Министрлерді ше?

Партия жетекшілерін Ел Ағалары деуге бола ма? Біз айтқанмен, ел қабылдай ма?

Енді не істеуіміз керек? Біл-лемін, сенемін, қазірде жер-жерде, ру-ру ішінен Ел Ағалары шығып келеді. Рас. Ел Ағасыз, тон жағасыз болмай-ды. Тонның жағасы болмаса тонамыз, Елдің Ағасы болмаса азамыз. Алмағайып заманда қазақтың рулық құрылымы тағы да бір тарихи қызметін атқаруы қажет. Ел Ағалары рулық жүйеден шығады. Ел Ағасының мүддесі ру емес, елдік мүдде. Ру – оған жетудің тәсілі ғана.

Ел Ағасы, ақсақал атану осал шаруа емес. Ел арасында тараған Бауыржан Момышұлы айтты деген бір тәсіл бар. Баукемен қатарластау біреу, батырға «Әй, шал!» деген болуы керек.

– Иә, дұрыс айтасыз, адам жасқа жетіп қартайды. Адам шайтан емес. Бірақ, қартаюуды үш мәнісі бар, тыңдап ал, – депті.

Бірінші мәнісі, адам қартайды, анық сөзін ешкім құлаққа ілмейді, ол әйтеуір ас ішер, аяқ босатар халде. Мұны, сен айтқандай «шал» дейді.

Екінші мәнісі, адам жасқа жетті, бірақ отбасына, көрші-қоланаға, ағайын-туысқа қадірлі, айтар сөзі бар, тыңдаушылары және бар, оны «қария» деп атайды.

Үшінші мәселе, адам шайтан емес, қартайды, бірақ оның сөзін ел боп тыңдайды, руластары қадір тұтады. Ол адамның аталы сөзін жастар тыңдайды, үлгі-өнеге тұтады, оны «ақсақал» деп атайды.

Сен, мені осы үшеуінің қайсысына жатқызасың? – депті Батыр ағамыз.

Ендігі жердегі мәселе. Шал атаңбай қария атану үшін не істеу керек? Шал атаңбай, ақсақал деген деңгейге жету үшін, ол нендей қызметті атқаруы ләзім.

Бұл ресми қызметтермен анықталатын жағдайда емес, биліктегі адам билікте қадірлі болғанымен, елге қадірлі ме? Қызметтен кеткен соң, қадір-қасиетін сақтап қала ала ма? Оның беделі биліктен ғана анықталған ба? Мәселе! Бүгінгі күн үшін Ел Ағалары ауадай қажет. Ел сөзін сөйлей алатын жасы жеткен ақсақалдар қайда? Бұл да – мәселе.

Ел Ағасы атану үшін Елге айтар сөзі болуы керек. Жұрт сөзін өтіріксіз, алдаусыз, шын болғанын қалайды. Халық рас пен жалғанды бірден саралап алады. Халықты алдаймын дейтіндер – алаяқ, псысқар. Олар қай заманда болмасын жеткілікті. Хакім Абай заманында өрбіп-өсіп шыға келген соң, псысқар туралы өлең жазды. Сонда бір заңдылық ашқан, ол псысқарға елдің бүлінгені керек. Осындай жағдайда олар өркін. Ел тыныштық болса, олар тұншыға бастайды. Псысқарға бүлік қажет. Осындай псысқар хакім Абай заманынан бүгінгі күнде әлдеқайда өсіп кеткен. Олар биліктің әр деңгейінде жамырап тұр. Биліктен құтылып, өздерінше «Ел Ағалары» тонын жамылуда. Ондайлар туралы хакім Абай «іші залым, сырты абыз» деген. Ал енді айырып көр, кімнің кім екенін.

Мен оларды бір-ақ мәселе арқылы ажыратамын, ол тәуелсіздікті қабылдау не қабылдамаулары арқылы. Тәуелсіздік туралы барыныша ынтылау топ,

әрине, Ел Ағасы, Ақсақал. Ал, тәуелсіздікті сырттай мойындағанысып, іштей комсомол, коммунистік партия, социализм, марксизм туралы маңырап отырса, ол қалай Ел Ағасы, Ақсақал болмақ?!
Тәуелсіз ой, талғамы жоқ жаннан Ел Ағасы да, Ақсақал да шықпайды. Осы тұста жоғарыда сөз болған Бауыржан Момышұлы туралы айтсақ. Мен бір мәселеде Баукеменің алдында басымды немін. Ол сонау, қылышынан қан тамған кенес жылдарында қасқақ қарсы тұрып, өзінің кім екенін дұрыстап жазғызып алғаны, қараңыз оның есімі – Бауыржан, ал тегі – Момышұлы. Сол заманда кім осындай ерлікке бара алды? Болды, бірақ олар шағын топ, мысалы Әлкей Марғұлан секілділер.

Бүгінде тәуелсіз еліміз, аты-жөнімізді дұрыстап алуға арнайы заң қабылдадық, бәрібір құжаттарда -ов, -ова, -ин, -ина дегендер қаптап жүр. Өзгеріс жастар жағында. Ендеше, Ел Ағаларын жастардан күтеміз. Ол үшін өкінішке орай мерзім қажет. Олар тәжірибе жинақтап, Ел Ағасы дәрежесіне көтерілулері үшін біршама уақыт кетеді.

Қазіргі халымыз мәз емес. Жұрт тындайтын Ел Ағаларын мен біле қоймаймын, мүмкін қателесемін. Билік тындайтын Ел Ағалары бар, ал халық тындайтын Ел Ағалары өте тапшы, жоқтың қасы. Бұл не?

Бұл – ауыр жағдай. Дәстүрлі қазақ қауымында толқынды жастар шығатын, оларға естияр сөзі айтатын қария, ақсақалдар болатын. Бүгінде билік пен халықтың, әсіресе жастардың арасы тым алашақтап барады. Бұл – аса қауіпті жағдай, себебі байлар мен келетілер арасы мүлдем алашақтап кетіп еді, енді билік пен жастар арасы ашыла, жағдай мәз емес деген сөз.

Аузы дуалы Ел Ағалары қажет. Ел Ағалары топтасуының қажеті жоқ, онда олар партияға айналып кетуі ықтимал. Ел Ағалары партиядан тыс болуы табиғи жағдай. Ел мүддесі партия мүддесінен биік. Партия мүддесі – негізінен билікке жету. Ел Ағаларының мүддесі – ел болу. Бұл – мағыналық айырмашылық.

Партия – партия болып билікке талауы бір мәселе. Ру-рудан, өңір-өңірден шығып, елдік мүдде үшін қарекет жасау – өзге мәселе.

Ел Ағалары билік пен халық арасындағы көпір болуы – табиғи жағдай. Тағы да айтамын, партия билікке қызмет ететін – феномен. Сондықтан, биліктерлер партияда тыс болуы – тағы да табиғи жағдай. Биліктерлердің партияда болуы да – қазақ халқының табиғатына кереғар шаруа.

Ойланайық. Қазақ халқының рулық құрылымы оншеін ойдан шығарылған нәрсе емес. Ол – өзінің өмір сүруге қазақ жеткілігін ғасырлар бойы дәлелдеген феномен. Қазақтың рулық құрылымында, ойлап қараныз, либерализм де, демократия да бар. Бұл жөнінде Мұхтар Өүезовтің «Абай жолы» романы – оқулық Оқкыңыз, ойлаңыз, тыңдаңыз. Рушылық деген – біздің жауларымыздың үрлеп-үрлеп өріштіктен айлашаралары. Дана қазақ ешқашанда ру мүддесін елдік мүдделен биік қоймаған. Ру-ру елдік мүддеге табиғи түрде қызмет еткен. Халық басына күн туғанда ру басшылары (Ел Ағалары дей беріңіз – Е.Ф.) бір-кісіді атқа қонған. Сондықтан, Ұлы Далаға не болғанбыз.

Тәуба, Әбу Насыр әл-Фарабиден хакім Абайға дейін 9 ғасыр. Осы уақытта әлемде не болмады.

Империялар құлады, халықтар жойылды, қырғын-алапаттар орын алды, бірақ әл-Фараби оялары шапырап қалмай, хакім Абайға жетті. Рухани сабақтастық үзілмеді. Мұсылман-түрік халқы өзінің құндылықтарына ие болды. Бүгінде осы мол мұраның мұрагері біз – қазақ елі болып, екі ғұламаның басын қосып мерекелеудеміз. Бұл төңдесі жоқ, тарихи оқиға, осы сана, сөзсіз ел ішінен Ел Ағаларын өсіреді. Олар билік пен халық, билік пен жастар арасындағы көпір болмақ. Басқа амал жоқ, ағайын!

Ғариғолла ЕСІМ, академик, жазушы



● ФИБРАТТЫ ҒҰМЫР

ҰСТЫНЫ КӨЗДІҢ ҰНАМЫ, ӘЛБЕТІ ШАМНЫҢ ШЫРАҒЫ

Жалағаш деген жайсаң елдің киелі топырағында – Көктонды мен Баба-Ғайып бастаған әулиелер мен ахундар, Беркімбаи қалпе, Тайман қари секілді тамаша адамдар туып өскен. Айбоз атанған аққандар мен өнер тараңдары өткен. Мәрілі Шәменов, Несіпбай Әпірезов, Қазына Жүсіпова, Айнаш Балғабәева, Назира Сисенова сынды тұғырлы тұлғалар түлеген. Осы тізімді берен болмысты, ерен мінзеді ел сыйлаған жақсы АбзалТайманов есімімен толықтыруға әбден болады.



Сb Дүйсебай АЯШУЛЫ, «Сыр бойы»

Аймақтың бірнеше саласында табысты еңбек етіп, ылайықты ісін, абыройлы атын қалдырған «Күрметті байланысы», «Экология саласының үздігі», «Ерен еңбегі үшін» медальдарының иегері Абзал Тайманұлының адами қазынасы тегінен дарыған мұрас мінзеді еді десек, ақиқатқа бір адым жақындағанымыз.

Абзалдың атасы Жүсіп молда ескіше сауатты, көкірек көзі ашық кісі екен. Осы өңірде «Жүсіп молда» атанған мешіт кешеге дейін тұртыпты. Тайман қари бала күнінде өкесінің атымен атала-тын сол мешіттен тат тапшыты. Он төртінде Бұхарадары «Көкітәш» медресесінде білім алған Тайманның «қари» атануы да тектен-тек емес. Ол кісі Құранды бастан-аяқ жатқа оқи алған. Тәжіуді ғылыми жаң-жақты меңгеріп, жеті қырағаттың мәнін, аяттардың тәсірін, мағынасын, түсінілу тарихын толық білген.

«Тегіне тартпай ұл тумас» демекші, Абзал да жас күнінен адамдық парасат тәлімімен ер жетті. Жоққа жақ, барға топ, сабырға сак қарады. Қайырымдылықты, қанағатты жаны сүйді, еңбегіне сүйенді. Кенес өкіметі қызметін істеп, тіл жүрсе де, сөзге жүрегімен жүгініп, іштей қимандысын айтып есейді. Ел-жұрт ілімділік жолына түсіп, ұлы санаға бет түзгенде Абзалдың ұйтқы болуымен ауыл азаматтары мешіт салып, оны Тайман қари атымен атады. Абзал өкесінің мазарына барып дұға оқып, рухқа тазғым етуді ешқашан есінен шығарған жоқ. Оның ұлғайған шақта немересі Ділназа Құран жаттатуы көрінегені шамдай өңірдегі сактаған сол бір асыл тек қасиеті болатын.

Абзал Тайманұлы 1953 жылдың сәуір айында қазіргі Жалағаш ауданына қарасты Ақкүм ауылында дүниесі ашқан. Қазіргі дейтініміз, Ақкүм ауылы отыз-отызы жылдары «Сталин» қолхозы болып құрылып, Теренөзек ауданы әкімшілігіне қараған, ал, алдынышы жылдары Жалағаш ауданына қосылған.

Ауыл мектебінде онжылдық білім алған арманшыл жас 1970 жылы Н.В.Гоголь атындағы педагогика институтына түсіп, 1974 жылы филология мамандығы бойынша бітіріп шыққан. Институттан соң Көңгөжде ауылдық клубының меңгерушісі болып жұмыс бастаған. Одан кейін мектеп мұғалімі болып, сосын комсомол ұйымы қызметіне ауысқан.

Абзал аға қызметтен қолы босағанда өз ойларын маржан-дай тізіп қағазға түсіретін болған. Жазғандарына «Біз кімнен тараймыз?», «Балалық шаққа саяхат», «Ата-анам жайлы молтек сыр», «Өмірге өзіндік көзқарасым», «Жанұяма өсиет» деген секілді тақырыптар қойыпты. Сол жазбалардың бірінде мынадай сөздер бар екен: «...Жанұя мүшесінің үйде бір-біріне айқайлап сөйлеуіне қатаң тыйым салынады. Үйдегі балалар қандай да бір тәртіп бұзса, оған дауыс көтермеу керек. Оның кінәлі екені жай ғана түсіндірілуі тиіс. Жеміс-жидек және декоративтік ағаш егу, бақшалық жерді жасыл-желекке бөлеу, оны күтіп-баптау барлығына жүктеледі. Үй ішінде жүргенде кімнің жасы үлкен болса, соған жол берілуі керек. Аяқ киімнен кіреберіс бөлмеден басқа жерде жүруге болмайды».

Отбасы көлексіне жазып қоятындай тамаша ақыл-көңес әр адамға ой салады. Шынында, әрбір үйдің бұлжамас заны боларлық сөздер Абзал ағаның кең пейілі, тәртіпті сүйістің, әсемдікке құмар, адамгершілікті қадірлейтін жан екенін оны білмейтін адамға да танытын тұр.

Жақында Абзал аға жайында жазылған естелік кітап жарық көрді. Сол кітапқа қағазын атыраулық досы, кеден қызметінің полковнигі Алмас Салдықовтың өлеңі жарияланған екен. «Абзал дос – Сыр елінің мақтаншын, мақпал іші. рет аудандық кеңестің депутаты болса, байланыс саласында еңбек ете жүріп үш рет облыстық мәслихатқа депутат болды. 2012 жылдан ол орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекеменің директоры қызметін атқарып тұрған жер табиғатын қорғау ісіне үлес қосты.

Абзал ағамыз өмірде өте қарапайым, іске келгенде қағылғы, тереннен шымырлап сыр шығып жататындай сырбаз жан болған. «Алғаның жақсы болса – бұл дүниенің шырағы» демекші, жүрегі қалап жар болған Мараш Көбейсіқызы да текті әулеттің қызы. Ұлағатты ұстаз, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, «Ы.Алтынсарин» медалінің иегері, «Қазақстан әйелдері» журналының энциклопедиясына енген, есімі кейінгіге өнеге болған кісі.

Абзал аға қызметтен қолы босағанда өз ойларын маржан-дай тізіп қағазға түсіретін болған. Жазғандарына «Біз кімнен тараймыз?», «Балалық шаққа саяхат»,

«Ата-анам жайлы молтек сыр», «Өмірге өзіндік көзқарасым», «Жанұяма өсиет» деген секілді тақырыптар қойыпты. Сол жазбалардың бірінде мынадай сөздер бар екен: «...Жанұя мүшесінің үйде бір-біріне айқайлап сөйлеуіне қатаң тыйым салынады. Үйдегі балалар қандай да бір тәртіп бұзса, оған дауыс көтермеу керек. Оның кінәлі екені жай ғана түсіндірілуі тиіс. Жеміс-жидек және декоративтік ағаш егу, бақшалық жерді жасыл-желекке бөлеу, оны күтіп-баптау барлығына жүктеледі. Үй ішінде жүргенде кімнің жасы үлкен болса, соған жол берілуі керек. Аяқ киімнен кіреберіс бөлмеден басқа жерде жүруге болмайды».

Отбасы көлексіне жазып қоятындай тамаша ақыл-көңес әр адамға ой салады. Шынында, әрбір үйдің бұлжамас заны боларлық сөздер Абзал ағаның кең пейілі, тәртіпті сүйістің, әсемдікке құмар, адамгершілікті қадірлейтін жан екенін оны білмейтін адамға да танытын тұр.

Жақында Абзал аға жайында жазылған естелік кітап жарық көрді. Сол кітапқа қағазын атыраулық досы, кеден қызметінің полковнигі Алмас Салдықовтың өлеңі жарияланған екен. «Абзал дос – Сыр елінің мақтаншын, мақпал іші. рет аудандық кеңестің депутаты болса, байланыс саласында еңбек ете жүріп үш рет облыстық мәслихатқа депутат болды.

2012 жылдан ол орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекеменің директоры қызметін атқарып тұрған жер табиғатын қорғау ісіне үлес қосты.

Абзал ағамыз өмірде өте қарапайым, іске келгенде қағылғы, тереннен шымырлап сыр шығып жататындай сырбаз жан болған. «Алғаның жақсы болса – бұл дүниенің шырағы» демекші, жүрегі қалап жар болған Мараш Көбейсіқызы да текті әулеттің қызы. Ұлағатты ұстаз, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, «Ы.Алтынсарин» медалінің иегері, «Қазақстан әйелдері» журналының энциклопедиясына е

ТАҒЫМ

Өмірден көрген-түйгені мол көнекөз қарияға сәлем бере барып, әр сұхбаттасқан сайын көңіл көкжиегіміз кеңіп, рухани серпіліп қалатынымыз бір басқа, ойды оңға, сананы санға бөліп маза-лап жүрген көп кілтпанды сұрақтың кілтін тапқандай бір жасап қалатынымыз шындық. Жасы тоқсан бестен асқан ауылымыздың ақсакалы мен үшін осындай асқақтық қадір-қасиетімен қымбат еді. Жүз жасағанның бәріне бірдей болмыс па?

Жақсыдан жарқын із қалар

Жоқ, осы денгейге жету үшін бұл кісінің жұмсаған қажыр-қайраты бір бөлек әңгіме.

Ол 1925 жылы 22 ақпан күні дүниеге келген екен. Өзі өмірге келген Бесарық ауылдық кенесіне қарасты 29 разьезд – Сатымсай елді мекені көкжазиралы, малға жай, көлінде балығы шорышан, шаруасы белден шалқыған берекелі бір қоныс болған. Жон арқасынан тіліп өткен шойын жол елдің тыныс-тіршілігін мүлде тың арнаға бұрып, төңірегтегі еркек кіндіктің қолына қайла ұстатып, қара жұмысқа жегуі бақ па, сор ма белгісіз, бірақ саясаттың салғанынан кім қашып құтылар?

Бектұрсынның әкесі Бекмұрза 20-жылдардан бастап теміржол бойында қырық жыл стрелочник – жол қарушы болып жұмыс атқарған екен. Ауылда оңжылдық мектеп болмағандықтан, ұлы Бектұрсынды Түркістан қаласындағы Ленин атындағы орта мектепке оқытуына тура келген. Оны 1942 жылы төмәндаған ұлан ауылдағы №16 мектепке мұғалім болып орналасады. Ал 1943 жылдан 1945-ке дейін Бесарық темір жол мектебінде мұғалім әрі оқу бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарады.

Соғыс аяқталған соң теміржол жұмысына мамандар қажет болып, үш жылдай теміржолда станция кезекшісі болыпты. Жасанан білімге ынтық, қолға түскен кітап атаулыны оқып тауысып, таудай талабына тұрмыс тұсау болып, тұншығып жүрген жас кеуде жоғары оқу орнына түсуді мақсат етіп, 1947 жылы КазГУ-ға құжат тапсырады. Бір жылдан соң Қызылорда педагогикалық институтына ауысады. Оқу бітіріп келген жас маманды Жаңақорған аудандық партия комитетінің ұсқаушысы етіп тағайындайды. 1954 жылдан 1957 жылға дейін аудандық партия комитетінің жалпы білім беру бөлімінің меңгерушісі болып істейді.

1957 жылы тамыз айында облыстық партия комитеті бөрісоңының шешімі бойынша Алматы Жоғары мектебінің тыңдаушысы, оны бітіріп келген соң Жаңақорған аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып істеген.

1962 жылдың аяғында екі аудан біріктірілуіне байланысты Шиели өндірістік басқармасының кадр жөніндегі инспекторы болады. Осы жылдың аяғында Сырдария, Терөзек аудандары біріктірілгенде Бектұрсын аға Сырдария ауданы партиялық мемлекеттік бақылау комитетінің төрағасы болып бекітілген. Бұл қызметті 1971 жылдың мамырына дейін атқарса, одан әрі оған зор сенім артылып, Терөзек аудандық кенесі атқару комитетінің секретарі қызметіне сайланып, онда 1985 жылдың қазан айына дейін абыройлы еңбек жолдарынан өтті. Ол кездегі тәртіп бойынша алыс жас – зейнеттік кезеңнің кемелденуіне екі жыл алдын облыстық партия комитетінің І хатшысы Еркін Әуелбековке өтініш жазып, өзін жауапты қызметтен босатуын, туған жерге ту тігіп, ендігі қалған ғұмырында өскен ел, өнген жердің бір кәдесіне жарасам деген ізгі арманы болыпты.

Өмірлік тәжірибесі мол, нешебір қиын-қыспақ сынақтарда өзін көрсете білген, ісіне шын берілген, халыққа жаны аштың адал, принципшіл тұлғаның іскерлігін жоғары бағалаған басшылық партия мектебінде ысылған, өзіне де, өзгеге де зор талап қоя білетін Бекенді өз ауылы – Бесарық ауылдық кенесі атқару комитетіне төраға етіп жібереді. Осы жерде абыройлы қызметін жалғаса ол туған жердің көркеюін, әлеуметтік-экономикалық жағынан жүйелі бағыт алып, бағдар түзуін өмірлік тәжірибесін сарқа білді. Оның қоғамда тазалық пен тәртіптің орнығуына тегеурінді ықпал ете алатын органдар құрамына жүйелі сайланып отыруы еңбек адамның халық мүддесі жолында айнымас қағидаларынан қайтпайтын қайсар портретін бекіте түскендей. Бірнеше рет халықтың қалауымен депутат болуы, барлық кезеңде партия комитетінің Пленум және бюро мүшесі болып сайлануы елге болсын деген қоғамның адал жауынгерінің жұмысына мол септің берді.

Ағаның өткен кезеңдегі қызметтік жолы бір басқа, ортамызға келіп



бас болып, бағын асыруы, баршамызға үлгі-өнегесін танытып, жанына мол шуақ шаппа білуі, бөлек әңгіме. Бір ғасыр жасаған ғұмырында жан тазалығынан таңбай, тақпапар мінезіне қылау жұтылған қарапайым болмысына қызығумен жүрген біз ол кісі дүниеден озған кешегі күні арқасүйер тіреуімізден айрылғандай күй кешкеніміз аян. Жаныңа жарық төгіп жүрер жаксы адам қай кезде де керек екен.

Менің ойымша, бұл кісінің өміріне қасиет дарытып, көптің қалтңысыз пейіліне қауыштырып тұрған күш – қарапайымдылығы дер едім. Пәлен қызметкер болғаным демеі, жасқа да, кәріге де еңбекке құл болуды қарақан басының қағидасымен дәлелдеп, зейнетке шыққаннан кешеге дейін қолынан күрегі түспей, ұйықтап қалған қарияның соңында ұрпақтың ұрпағына жетер қалың бау-бақшасы қалды. Оны «Бектұрсын бауы» деп атаса болады.

Жазық даланы жайқалған баққа көмкерген бұл еңбек өз үрім-бұтағына ғана емес, айнала қауым, қалың елге жемісі түгелсіздейтін ырзық-несібе, бір сөзбен айтқанда, еңбекпен өрліген ескерткіш сынды.

Мұндай азаматтың отбасындағы орны да, тәлім-тәрбиесі де өзгеден оқшау тұр. Жан серігі Мағзат апамыз екеуінен өрген жеті перзенті де ата-ана өнегесіне адал, шетінен ибалы, тәрбиелі болып ер жетіп, жоғары білім алып, халық қызметінің сан саласында абыройлы қызмет атқарып жүр. Қарашаңырақтағы ұлы мен келіні – Абайхан мен Баян көк қарияны алақандарына салып, аялап, ақ батасын алып қалған жандар. Бұл шаңырақтағы ерекше ахуал, айрықша қамқорлық, әке мен бала арасындағы аяулы қарым-қатынас жөнінде келіні Баянның айтқаны біздің де көңілімізді толқтықты: «Бұл кісілер – маған туған ата-анамнан артық қамқор болып жүрек жылуын аямаған жандар. Өмір сүру деген жеңілдік үстімен жан кинамай жүріп өту ғана емес, көшке ілесіп, лайықты ғұмыр жалғауда жүйрік уақыттың жалына жармасып жігеріңді жанып отырмасан, тағдыр сыбағасынан сырт қалуың мүмкін. Бұл ретте атамыздың біздің бойымызға еккен тәртіптілік қағидалары айнымас өмір ережелімізге айналған. Ол кісі әрбір күнге жоспар түзіп қойып, бүгінгі жұмысты ертеңге қалдырмауға дағдыландырып тәрбиеледі. Мұның шарапатын біз де, біздің балаларымыз да көріп отыр деп сеніммен айта аламын» дейді.

Ия, ол отбасына ғана емес, жалпы ауыл халқына үлгі, туған жердің бір тұғырлы азаматы еді. Тоқсан бес жасқа асқан шағында бұл өмірден озып кете барған абыз ақсақалдың соңында көрікті бау-бақшаға айналған көнермес көзі ғана емес, ел есінде қалар сөзі де қалды. Өмір бойы көкірекке жинап, көңілде зерделеген қазақтың асыл мақам, дана нақылдарынан түзген «Сөз құдіреті» деп аталатын кітабын қалың оқырман игілігіне қалдырып кетті. Бұл жинақты асыл жанды азаматтың оқшау болмысын жарқыратып тұрар бір жәдігер деп санадық. Ұзақ ғұмыр иесінің ұлағаты Бесарықтың жұртшылығы ғана емес, барша қазақ еліне өнеге мектебі деуімізге өбден болады.

Смағұл САДЫҚҰЛЫ

Байланыс саласының білгірі

Жаратқанның пәрменінің алдында жұмырбасты пенденің қолынан не келсін?! Ардақты жанды ажалға қимасақта, тағдырға мойынсұнамыз. Бабаларымыз айтып кеткен, қамшының сабындай келте ғұмырда кімнің қанша өмір сүрері, дамуының қашан таусылары бір Аллаға ғана аян.



Жанар ШҮҒЛАНОВА

Еліміздегі байланыс саласының өркендеуіне зор үлес қосқан Қаршыға Егіншібаев – тынымсыз тірлік пен қажыр-қайратты ұштастыра білген тұлға еді. Сырдың абзал азаматы билығы шілдеде қайтыс сапарға аттанды.

Қаршыға Күзембайұлы 1947 жылдың 1 қарашасы күні дүниеге келген. Гибратты ғұмыр кешкен ол ел-жұртының есінде байланыс саласына еңбек сіңірген жан ретінде қалды. Өз ісінің майталманы, талай келелі істің үйлестірушісі болды. Өз дәуірінің қиындығын сезініп, еңбекке ерте араласып, маңдай тердің қалірін ұғынған ол жауапкершілік жүгін арқалауға тайсалмайтын. Отан алдындағы ұшқылдық борышын өтеп келісімен ауыл тірлігіне белсене араласты.

Қ.Егіншібаев еңбек жолын туған жері Арал ауданы, Қамбаш елді мекендегі байланыс торабында оператор болып бастады. Алматы қаласындағы байланыс техникумын үздік бітірген жас маман ұжымда еңбекорылығымен, белсенділігімен көзге түсіп, басшылықтың қолдауымен бөлімше бастығы қызметіне дейін көтерілді. Ал 1983 жылы Арал аудандық байланыс торабы бастығының орынбасары болып тағайындалды. 24 жасында басшылық қызметке келген соң жоғары оқу орнына білім алуды ойлап, Алматы қаласындағы Экономика және басқару академиясы – Еуразия нарық институтында оқып, экономист мамандығын алып шығады.

Ол ұзақ жылдар бойы «Евразия-пресс» мекемесін басқарды. 1990 жылдың басындағы жағдай баршаға белгілі. Еліміз нарықтық жүйеге көшкен соң жоғары экономика күйіреп, ақыры Кеңес Одағы ыдырап тынды. Ал жұртшылық нарық заңын бірден түсіне қойған жоқ. Ол облыс орталығында алғашқылардың бірі болып «Қызылорда Евразия-пресс» ЖШС-ін құрып, директоры болды. Серіктестіктің негізгі жұмысы – аймақ тұрғындарын мерзімді баспасөзге жаздыру және тарату. Ол өзінің басқаруындағы мекеме жұмысын бір жүйеге түсіріп, халыққа республикалық, облыстық және аудандық ресми газеттерден басқа халықаралық журналдарды жаздырып, оқырманға уақытылы жеткізу ісіне басшылық етті. Сонымен қатар, республикалық «Ел тілегі» газеті мен «Жарасымды жаңа» журналдарын құрылтайшысы болды. Замандастары ортасында баспасөздің шебер ұйымдастырушысы атанды. Осындай сан салалы қызметте жүрсе де өзінің қарапайым-

дылығын бір танбады. Отбасында көрген тәрбие мен өнегелі ісі қадірін арттырды, абырой әперді. Адалдықтың ақ туын нық ұстап, сенімін серік еткен қайсар тұлға өмірдің суығына сабыр етіп, ыстығынан ысылып шығуға күш берген де адал еңбек пен көптің тілегі десек, артық емес.

Бар күш-жігерін жұмсаған салада еңбегі ескерілмей қалмады. Қаршыға Егіншібаев «ҚР Үздік байланысшысы» медалімен, ТМД мемлекеттерінің «Кедендік Одақ елдерінің құрметті азаматы» белгісімен, сондай-ақ «Қазақстан экономикасының жұлдызды данк» орденімен марапатталды. Абырой биігінде жүріп, өзінің мақсат-мұратын, алға қойған талап-ниетін әсте ұмытпады. Замандастарының арасында сол болмысымен қалдрі еді. Сертіне адал, үзеге берік жан бір басына жетерлік жетістік мен белдегі ел болды.

Өзінің иірімді ойлары, терең қабілеті, кемел сөзімен ел-жұрттың назарын аудар алатын Сыр елінің айтулы ақсақалына айналды. Қандай мәселе болмасын шешендердің сарқытындай салықалы шешімін айтып, ел сүйіспеншілігіне бөленуші еді.

Қазақ «Ердің қосағы оңбай, қосы түзелмейді» деген даналық сөз бар. Қаршыға Күзембайұлының абыройын асырып, тілеуін тілеген жары да бақ-берекенің ұйтқысына айналған. Аралқұл анамыз өмір бойы жарына тілекші болып, қалаған ісімен алаңсыз айналысуға бар жағдайды жасай білді. Үйдегі тірлікті өзі тындырып, бар жауапкершілікті өзіне алып. Ақылна ажары сай, пайымына парасаты астақан жары жолдасының жүрген ортасында бөделінің биік, мәртебесінің зор болуына күш салды. Абырой мен жақсылыққа кенелуіне үлкен үлес қосты. Әулеттің алтын қазығы болған Аралқұл анамыз да жолдасы Қаршығаның ізінен кете барды. Бұл да Алланың ісі шығар...

Елдің сенімі мен құрметіне бөленіп, абыроймен ғұмыр кешкен Қаршыға Егіншібаев пен жары Аралқұл Сартаева балаларына жақсы тәрбие беріп, қоғамға қосты. Олардан тараған 5 перзент бүгінде бір-бір отау иесі болып, әр салада жемісті еңбек етіп, еліміздің дамуына өз үлестерін қосып жүр. Бұл – жеңілі қаны мен тәрбиесі, ананың ақ сүті мен аялы алақанының жемісі.

2020 жылғы «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының және оның орынбасарының азаматтарды қабылдау кестесі

Table with 5 columns: Тегі, аты, әкесінің аты; Атқаратын лауазымы; Азаматтарды қабылдау күні және уақыты; Мемлекеттік органның орналасқан жері, бөлме №; Байланыс телефондары

Сенім телефондары: 8 (7242) 60-54-28, 60-54-23. Электронды пошта: ufn@korda.gov.kz

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2020 жылдың IV тоқсанына арналған жеке және заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдау кестесі

Table with 5 columns: Т.А.Ә; Атқаратын лауазымы; Қабылдау күні, уақыты; Мекен-жайы; Байланыс телефоны

«Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеуі және оның алдын алу мақсатында Департаментте арыз-шағым жасаушы органдары, сонымен қатар «Сенім телефоны» 8 (7242) 26-47-17 жұмыс жасайды.

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, 120000, Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі, №5. Электрондық пошта: d.kirpb.kyzyl@mild.gov.kz

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

«ЭВЕРЕСТ ФИНАНС» ЖШС. ШАҒЫН НЕСИЕ. Зейнеткерлер (78 жасқа дейін) мен жұмыс істейтіндерге. 1 000 000 теңгеге дейін. Кепілдіксіз / өте тез! Алты жылға дейін. Жоғары несиелік ауыртпалығы және нашар несиелік тарихы бар қарыз алушыларға!

«Ауыл мектебі» жобасы: бастамалар және тәжірибе. Елімізде ауыл мектептерінің білім беру жағдайын дамыту және қолдау бағытында кешенді шаралар жүргізілуде. 2020 жылы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі – ДББҰ), оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында еліміздің алты облыс әкімдіктері және бизнес құрылымдарының қолдауымен «Ауыл мектебі» жобасын бастады. Жобаға еліміздің Ақмола, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Тараз және Қызылорда облыстарынан 14 ауыл мектебі қатысады. Қызылорда облысынан үш ауыл мектебі: Т.Айтбаев атындағы №132 орта мектеп (Сырдария ауданы), №143 орта мектеп (Махамбет ауданы), №164 орта мектеп (Жаңақорған ауданы) жобасына енді. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ аталмыш ауыл мектептерінің ахуалын, оқыту тәжірибесін мен мектептің инфрақұрылымын анықтау мақсатында мықты және әлісіз тұстары мен қажеттіліктерін зерттеу жүргізіп, ұсыныстар әзірледі. Ұсыныстардың негізінде педагогтардың кәсіби әлеуетін дамыту бағытында Қызылорда облыстық білім басқармасымен бірлескен әдістемелік шаралар жоспарланып, еске асырылуына ауыл мектебі ұжымдарымен өзара әрекеттестікке еніп, ақпараттық, әдістемелік, психологиялық қолдау жұмыстары жүргізіліп келеді. Бұл әр мектептің жаңа жобасын бейімдеуіне, мұғалімдердің кәсіби қажеттілігін мектеп деңгейінде шешуге мүмкіндік берді. Дегенмен табысты жетістіктері жетілуі үшін кәсіби мәселелерді бір мектеп ішінде емес, басқа мектептермен қауымдастықта тәжірибе алмасу кеңістігін құру арқылы тигімді болатыны белгілі.

Хабарландыру. Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылдың 19 қыркүйегінде №56 қаулысымен бекітілген «Әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын тұрақтандыру тетіктерін жүзеге асыру» Қағидалының ІІ-ші параграфына сәйкес, «Байқоңыр (Байқоңур)» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы өңірлік азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қоры бойынша мамандандырылған ұйымы ретінде нарықтағы кәсіпкерлік субъектілерін займ рәсімдеуге шақырады.

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Қызылорда қаласының жеке нотариусы Абдреев Сунгат Илесбаевич (лицензия №13019285, 12.12.2013 ж.) 2014 жылдың 17 маусымында қайтыс болған Сақтапбергенов Изобасардың атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуы сұраймыз: Қызылорда қаласы, Бектурганов көшесі 70, тел.: 8-777-548-53-73.

ПЕЙШТЕ НҰРЫҢ ШАЛҚЫСЫН. Бір жылдан соң елге оралып, Қызылорда облысы, Сырдария аудандық білім бөлімінде қызмет атқарды. 1970-1998 жылдары №179 Қарауылтөбе мектебінде мектеп директорының орынбасары, мектеп директоры, 1998-2004 жылдары №138 «Абай» атындағы орта мектептің директоры, 2004-2007 жылдары №179 А.Хангелдин атындағы орта мектептің директоры қызметін абыройлы атқарып, құрметті зейнет демалысына шықты. Құдам Сақтапбергенов ақылды, сабырлы, мәдениетті абзал жан еді. Ардақты жаннның жатқан жері жайлы, иманы жолдас болсын еді отырып, құдағайым Зияш Шаңғытбайқызына және артында қалған ұрыстарына ұзақ та бақытты ғұмыр тілеймін. Шексіз қамқорлығымен жүрегімізге уялаған жарқын бейнесі мен өнегелі гибратты өмірі мәңгілік жалдымызда сақталды. Еске алушы құдасы Абдулла Мұхтаров

Жарамсыз деп есептелсін. ЖК «Ерхан» (ЖСН: 840106300665) мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін. *** «Құмкөл Көлік Қызметі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі (БСН: 150440015814) Жарғысының (мемлекеттік және орыс тілінде) тұнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.



СЕНБІЛІК СҰХБАТ

САПАЛЫ ДҮНИЕ ҒАНА САПТА ТҰРУЫ КЕРЕК

Қазақтың саз өнерін насихаттап, оның дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген Рамазан Таймановтың қазақ композиторлары арасында шоқтығы биік. Мәдениет мейрамының қалай әні жүрек пернесін дөп басып, тыңдарманның көңіл түкпіріне терең орнықты.

Қазақтың еңбек сіңірген қайраткері, өнердің өз өкілімен өзара әңгімеде негізінен отандық шоу-бизнестің қордалған мәселелерін тілге тиек еттік.

Мәжіліс жуырда мәдениет саласына қатысты заң жобасын мақұлдады. Жобаның фонограмма туралы тұсы қоғамда қызу талқыланды. Осыған байланысты ойыңызды білесіз...

Фонограмма неге керек? Әуелі соған тоқталайық. Кеңес үкіметі тұсында оны телевизиялық түсірілім кезінде дауыстың сапалы жазылу үшін ғана пайдаланып келді.

Екіншіден, ол уақытта фонограмманы қазіргідей кенінен қолданатын техникалық мүмкіндік болған жоқ. Жас кезімізде талай әншінің сахнада жанды дауыспен ән айтқанын көргеніміз рас. Мәжілісте талқыланған мәселе осыған саяды. Көпшіліктің қалауы – фонограммаға тыйым салу.

Алайда, оған халық та, әншілер де дайын емес. Ол үшін вокалды аспаптар ансамбльдері сахнаға қайта оралуы тиіс. Кеңес заманында Ескендір Хасанғалиев, Роза Бағланова секілді қас таланттардың дауысы радио мен теледидардың симфониялық оркестрдің сүйемелеуімен жазылып жіберілетін. Өздері сахнада табиғи дауыста өнер

көрсететін. Өйткені әлгіндей оркестр әншілермен ілесіп жүрді. Қазіргі эстрада өкілдеріне бүгін-ертең фонограммалардан қол ұзы қиын. Неге? Дайын тұрған оркестр жоқ! Оның орнына уақытша болса да минусовканы көмегіне жүгінген жөн. Минусовка деп отырғанымыз – әннің мбашпасы. Ал телевизиялық жобалар сапалы шығуы үшін бәрібір фонограмма керек.

Жанды дауыста ғана ән айту керек болса, эстрадада әншілердің қанша проценті қалар еді?

Шамамен 60-70 проценті сахнаға шыға алмай қалар еді. Нағыз өнер иелерін халық таниды. Кеңес үкіметі кезінде әншілер саусақпен санарлықтай ғана болды. Себебі көркемдік кеңестің сынынан өту дегенің оңай емес. Оркестрден қалып қойса немесе озып кетсе, «бара бер!» дейтін.

Бір кездері атақты Шәмшінің өзін қатты қобалжытқан көркемдік кеңес бізге де керек сияқты. Өйтпесе, қазақ эстрадасы сынынан бөз әншілер келеді. Мәні жоқ ән, өлексе өлең қаптады...

Керек. Міндетті түрде. Көркемдік

кеңес қара өлеңнің өзін басылымға жариялауға болады-болмайды деп сұрыптап беретін. Осының арқасында сапалы дүние ғана сапқа тұрды.

Оның сүзгісінен сіздің әндеріңіз өткен бе еді? Кеңес жұмысының шетжағасын көрдіңіз ғой...

Кеңестің қатаң іріктеуінен жеті-сегіз туынды өткен. Олардың қатарында бойтұмарым саналатын «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» деген әнім бар.

Хайп қуған эстрада өкілдері пайда болды. Атақ шығару неге арзандап кетті?

Оның ғұмыры ұзаққа бармайды. Осы орайда ақын Фариза Онғарсынованың: «Талантты болу қауіпті

Талантсыздардың ішінде» деген шумағы есіме түсіп отыр. Бірақ уақыт өзі бәрін біле-екшеітінін ескеруіміз керек.

Той-билесті шоу-бизнестен бөліп қарау тойшыл қазақ үшін қаншалықты орынды?

Бір ғана айтарым, әншілер үшін де, тыңдарман үшін де той мен сахна әнінің еш айырмашылығы болмай қалды. Бұл – қазақ өнеріне жасалған қастандық дер едім.

Әнді сату әбестік емес. Сіз жазған дүниелердің ішіндегі қымбаты қайсы?

Кез келген еңбектің өтеуі болуы тиіс. Бұл шарнағатта да бар. «Күлдың ақсың маңдай тері кепкенше бер» дейді. Менің де әндерімнің ішінде жоғары ақы төленгендері бар. Бірақ оны тәптіштеп айтудың не қажеті бар?! Отандық эстрадада әнге жиектік жасау қалыпты жағдайға айналған сияқты. Сонда бізге сазгер жетіспей ме, қалай? Әндердің көпшілігі – плагиат. Айналып келіп өзімізді мақтаймыз да, Мәнді де мағыналы, тағылымды да салмақты дүниелер шығарған композиторлардың көшін вальс королі Шәмші бастайды. Оның ізін жалғаған түрші композиторлар аз емес. Облыстан оның қатарына Сәбит Ұлықпаңұлы,

Талғат Нағашыбаев, Алтын Бекенова сынды іні-қарындасарымды қосар едім. Алайда бұл жерде мәселе тыңдарманның талғамына келіп тіреледі. Адамдардың көбі қазір желел ырғақты жеңіл әнге үйір. Сұранысқа сай арзанқол ән айтушылардың наны да, дәурені де жүріп тұр. Маған «той әнін шығарып беріңізші» деп келетіндер бар. Ол үшін көп уақытым кетпейді. Бірақ ұятым жібермейді. Мәтініне қатты мән беретін болған соң да шығар, әндерім өте көп емес.

Демек, қара өлең мен ұйкастан бейхабар болмадыңыз ғой...

Алматыда Күлдіберген Қазыбеков есімді ақын болды. Марат Омаров, Марат Лиясовтар орындап жүрген әндердің көбінің сөзін жазған. Мықты ақын. Бірақ танымал емес. Әннің мәтініне көңіл бөлуі сол кісіден үйрендім. Кейін авторлармен өзін сөз таластырып отыратын болдым. Гүлнұр Оразымбетованың бағын ашқан «Қорқыт-Қобызды» ақын Оңталап Нұрмаханов жазды. Алтын тобының орындауындағы «Сыр-Ана» атты әнім үшін Шанғызда Әбдікерімов жеті-сегіз рет қағаз шимайлаған.

Пьесаларда да қолтаңбаныз қалған көрінеді. Сол туралы айтып беріңізші...

1998 жылы Қазақстанның халық артисі, режиссер Ергали Оразымбетов «Қыз Жібек» операсының бірінші актісіне фонограмма жазуды сұрады. Соған жарты жыл уақыт жұмсадым. Кейін облыстық театр режиссері Хусейн Әмір-Темірдің сұрауы бойынша тағы бірнеше спектакльді әзірлеп бердім. Сол қойылымдарды шығармашылық ұжым өнер додаларында сахналағанда театр сыншысы Әшірбек Сығай музыкасын жоғары бағалапты. Кейін марқұм Әшірбек ағамен кездесудің сәті түсті. Мені «ғұламам» деп атап, төбем көкке бір елі жетпеген еді.

Композитор болмағанда кім болар едіңіз?

Оқушы күнімде ән айтуға әуестігім байқалған. Қызылордаға келген соң ансамбльдің сүйемелеуімен төрт жыл бойы қалалық паркте өнер көрсеттім. Айлық жалақым – алыс сом. Бірақ қырық жыл бұрын суықтан даусыма зақым келіп, одан біржола қол үзуге тура келді. Ал бала күнгі арманым шоғыр болу еді.

Сазгерлік өнерге қалай келдіңіз сонда?

Қызылорда политехникумын бітірген соң су инженері болып бес жыл еңбек еттім. Сонымен бір мезгілде вокалды аспаптар ансамблінің жұмысымен айналыстым. Бір күні кәсіптік училищенің шақырып, сонда мұғалім боп орналастым. Онда өткізген жеті-сегіз жылда екі ансамбль

құрып, ауыл-ауылды аралап, дарынды жастарды іздеді. Нәтижесінде жігіттер мен қыздар ансамбльдері пайда болды. Соның бірі Алматыдағы республикалық байқауда топ жарып, мерейімзді тасытты. Бүгінде есімі елге танымал әнші Жеңіс Ысқақованы да өнер жолына осылай бағыттағанмын. Он жыл қосбайын айдандым. Алматыдағы П.Чайковский атындағы музыкалық колледжде отыз бір жасыма оқуға түсіп, оны бітірген соң бір жылдай симфониялық оркестр құрамында жүрдім. Ауылма оралып, өңірдің мәдени өркендеуіне үлес қостым. Соның қайтарымы ретінде бүкіл атақ-марапатты алдым. Ең бастысы, талай жас таланттың тынысын ашып, томағасын сыпырдым.

Иә, келді сыр топырағынан шыққан талай әнші сізді ұстаз тұтады...

Олардың қатарында Гүлнұр Оразымбетова, Мәдина Салауақова, Рүсәлі Садыхов, Нұрболат Сейтмұратов, Алмас Кішкенбаев, Тахауи Рахметов және тағы басқалар бар. Қазіргі күні әнге әуес балаларға Бағдагүл Есмұрзаева қарындасым екеуміз бірге жол көрсетіп келеміз. Бұл жерде жыр елі – Сыр елінен шыққан мөлідрі бұлақтардың көзін ашып, өнер айналымына жүздірген Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, марқұм Қаракез Ақдаулетованың еңбегін айтыпаса болмайды.

Қазір немен айналысып жүрсіз?

Көп жыл бұрын Қызылордада өткен айтыстар, одан бөлек жиындардың дауысы басылған дискілерді таптым. Облыстық радио жабылғанда олар қажетсіз болып қалса керек. Ендігі ойым – соларды іріктеп, зерттеп-зерделеу.

Сөз соңында тойханаларды жауып, тойды өткізу форматын өзгерту керек дегенге байланысты пікіріңізді білесіз...

Тойдың форматын ауыстыруға келесіміз. Арнаумен ашылып, жыртарма, халық әндері көбірек орындалып, ұлттық салт-дәстүрге негізделсе, қазақы иіс аңқып тұрар еді.

Карантин тұсында көптеген мәдени шара онлайн түрде өтті. Әлеуметтік желінің мүмкіндігін сіз қалай пайдаландыңыз?

Карантин кезінде өнер және мәдениет саласының қызметкерлері қарап қалған жоқ. Онлайн түрде өнер көрсетіп, көпшіліктің ықыласына бөленді. Оған өзіміз де хал-қадірмізше араластық.

Уақыт бөлгеніңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы», Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

НАЗАР

ШЕТ АЙМАҚТЫҢ ШЕТІН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Редакциямызға Қызылорда қаласы, әл Фараби көшесінің тұрғыны Кенжегүл Әбдікерім шет аймақтың шетін мәселелерін айтуға арнайы келіпті.

Отбасымызда 10 адам бар. Оның бірі – студент болса, бірі – оқушы. Осы жағдайды ескеріп, №198 мектеп компьютер берген еді. Бірақ интернеттің болмауына соны пайдалана алмай отырмыз. Балаларым «Қазақтелекомға» барған еді, ол жақта байланыс нүктесі жоқ депті.

Бізді қызылпатаны – қалада тұрып интернеттің игілігін көре алмауымыз, – дейді ол.

Зейнеткер отбасының атынан тағы бірнеше ұсыныстарын айтты.

Шағын ауданымызда әлеуметтік лүкен мен дәріхана ашылса екен. Ұлыммен бірге Алматыдағы әскери госпитальға тегін емделеміз. Маған керекті бір дәрінің өзі 22 мың теңге тұрады. Одан да басқа алатын дәрі-дәрмегіміз бар. Сондықтан әлеуметтік дәріхана ашыла, бізге ғана емес, тұрғындарға да көп көмегі тиер еді. Қаланың басқа аудандарындағы әлеуметтік дүкендер желісі шет аймақта да керек-ақ.

Әсіресе, интернеттің тартылуы балалардың сабағына қиындық туғызуға, сондықтан өтінішімді облыстық «Сыр бойы» газеті арқылы жеткізуді арқылы жеткізуді өңір көрдім, – дейді оқырманымыз.

Біз ұсыныс-пікірді басылым арқылы жеткізуді мойнымызға алдық.

«СБ» ақпарат

«ЭЛИКСИР ЖИЗНИ» АҒЗАҢЫЗДЫ ЖАСАРТЫП, ӨМІРІҢІЗДІ ҰЗАРТАДЫ!

Жалпандықтардың ұзақ жасауының құпиясын білесіз бе? Елдегі экологиялық жағдайдың нашарлығына қарамастан, олардың денсаулығы мықты және ұзақ өмір сүреді. Жерорта теңізінің жағалауында, Жапонияда, Жаңа Зеландияда, Ресейдің Примор өлкесінде теңіз кірпілері дестүрлі тағамдардың бірі болып саналады. Теңіз кірпісінің уылдырығы құнарлы болғандықтан, фаршыкерлердің рационасына да енгізілген. Олардың ДНК-лары адам ДНК-сымен 75% ұқсас келеді. Сондықтан қоректік зат ретінде ол адам ағзасында түгелдей қорытылып кетеді. Теңіз кірпілерінің өзі 200 жылға дейін өмір сүреді. Осы аралықта олардың ағзасында қартаюу процесі байқалмайды. Сондықтан да оларды адам организмнің қартаюын тежеу үшін пайдаланады. Теңіз кірпісінің уылдырығындағы дәрумендердің, минералдар мен аминқышқылдардың жоғары концентрациясы қартаюмен күресіп қана қоймайды. Ол ағзаны радиоактивтік токсиндерден тазартады, иммунитетті нығайтып, денсаулықты толықтай қалпына келтіреді. Бірақ осынышама көп теңіз кірпісін қайдан табымыз және уылдырықтың бойындағы бар пайдасын адам денсаулығына запал келтірмей қалай кәдеге асыруға болады? Бұл үшін өсімдіктермен компоненттермен байытылған арнайы формула кәметеседі. Ол пайдалы заттарды жоғары деңгейде қорытады. Осы формула негізінде жасалған «Эликсир жизни» балзамы мынадай қасиеттеріне ие: - организмді шлактар мен токсиндерден, радиоспапты өнімдерден тазартып; - зат алмасу процесін реттейді, қант деңгейін түсіреді және қартаюу процесін тежейді; - физикалық және ойлау қабілетіңізді белсенділеп арттырады; - асқазан-ішек жолдарының, ұйқы безінің жұмысын жақсартады; - өкпе және тыныс алу жүйесінің жұмысын реттейді; - жүрек, жыныс, иммундық жүйені және қалқанша безінің жұмысын қалпына келтіреді; - артериялды қан қысымын реттейді, жүректің жұмысын жақсартады; - холестерин деңгейін төмендетіп, атеросклероздың дамуының алдын алады; - иммунитетті нығайтады; - потенциалы арттырады. Бұл дәрумендік кешеннің құрамында ми мен жүректің жұмысын жақсартатын, организмді жасартатын ресвератрол мен таурин бар. Ал лизин қышқылы – жасушаларды зақымдалудан сақтайтын, олардың жас қалпын ұзартатын мықты антиоксидант. «Эликсир жизни» балзамымен деніңе саулық, төніңе қиу-қуат пен ұзақ өмір сыйла!



Бір курсқа «Эликсир жизни» балзамының 8 қорабын қабылдау ұсынылады. Бір қораптың бағасы – 4000 теңге. 3 қорапша алсаңыз, 4-ші қорапша ТЕГІН

«ЖЕНЬШЕНЬ – ӨМІР ҚУАТЫ» – ҒЫЛЫММЕН ДӘЛЕЛДЕНГЕН ТАБИҒАТ КЕРЕМЕТІ БАЛЗАМДЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҰСЫНЫЛЫМ:

Жүрек-қан тамыры жүйесі жұмысының бұзылуы (жүрек аяқпақ, жүректің ревматикалық ауруы, атеросклероз, вегетотамырлы дистония, тахикардия және т.б.), Жүйке жүйесі ауруларында, Гипертония мен гипотония кезінде қан қысымын реттеу, Ревматизм, артрит, артроз, буын аурулары, остеохондроз, подагра кезінде, Иммунитетті көтеру және ағзаның жалпы жағдайын жақсарту: Түрлі инфекциялық, бактериялық және вирустық ауруларда; Тыныс алу жолдарының инфекциялық және қабынуында; Ас қорыту жүйесі ауруларында (ас қорытудың бұзылуы, гастрит, он екі елі ішек және асқазан жарасы); Бауыр ауруларында; Бүйрек және несеіп шығару жолдарының ауруларында; Өт жолдарының дискинезиясы, өтте тас жиналу кезінде; Простатит, простата аденомасы кезінде; Төрінің инфекциялық-аллергиялық ауруларында; Қант диабетінде; Қан тамырының ауытуларынан болған көз ауруларында; Ісік кезіндегі өзгерістерде.

Footer containing social media links (Facebook, Twitter, Instagram), contact information for 'СЫР МЕДИА' (Syr Media), and details about the publication's address and subscription rates.